It leads to dispersal of the soil, which is extremely harmful in general, and in areas prone to erosion, in particular. In addition, the root system and above-ground organs of sunflower receive numerous injuries during the emergence of harrowing and row-spacings, which does not contribute to the normal functioning of the plant organism. In this regard, the chemical method of destruction of weeds is of great interest. When using effective herbicides, the negative effect of weeds from the earliest period of sunflower vegetation is reduced, and it is possible to reduce the number of mechanical tillages. As a result of the studies, data were obtained that make it possible to evaluate the productivity of sunflower crops in the conditions of 1 dry-steppe zone of the West Kazakhstan region, depending on the pre-sowing treatments. As shown by research in the dry steppes of Western Kazakhstan, when cultivating sunflower, along with harrowing and one presowing cultivation, it is advisable to use the herbicide Roundup in a dose of 2 l / ha.

УДК 631.68.35.37:633.81

**Насиев Б.Н.**, доктор сельскохозяйственных наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

**Жанаталапов Н.Ж.**, Ph.D докторант

НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»,

Г.Уральск, Республика Казахстан

## **ИЗУЧЕНИЕ СМЕШАННЫХ ПОСЕВОВ С УЧАСТИЕМ СУДАНСКОЙ ТРАВЫ В ЗОНЕ СУХИХ СТЕПЕЙ**

### **Аннотация**

Основа прочной кормовой базы – растительные корма. На их долю приходится примерно 95% общего расхода кормов. Основным источником производства растительных кормов – полевое кормопроизводство. Оно дает более 70% общего объема кормов, а в районах с высокой распаханностью сельскохозяйственных угодий – до 90-95%. Многолетние научные исследования и производственная практика показывают, что растения в смешанном посеве более приспособлены к изменениям внешних условий, чем каждое из них в отдельности. Это обусловлено тем, что виды и даже сорта одного и того же вида по-разному относятся к почвенно-климатическим условиям среды обитания. В смешанных посевах растения равномернее и полнее расходуют основные факторы роста и развития, в первую очередь влагу и солнечную энергию. Обладая различными требованиями к пище и влаге, разные виды растений в смешанных посевах потребляют их из различных горизонтов, не конкурируя друг с другом. Целью исследований является изучение смешанных посевов кормовых культур с участием суданской травы для обеспечения животноводства полноценными кормами. В результате проведенных исследований получены данные по изучению адаптивных технологии возделывания суданской травы в смешанных посевах в условиях Западно-Казахстанской области.

***Ключевые слова:** смешанные агрофитоценозы, суданская трава, фотосинтетический потенциал, урожайность, кормовая ценность.*

**Введение.** В настоящее время как и везде в кормовых рационах, применяемых в хозяйствах Западного Казахстана все еще высоким остается дефицит белка. Обеспеченность кормовых единиц белком на уровне 75-85 граммов, вместо 100-110 граммов. По научным нормативам корма с такими данными не отвечают требованиям норм кормления с.х. животных.

В течение последних многих лет перед растениеводами стоит задача не только увеличения объемов производства кормов, но и повышение качества и полноценности кормов, применением новых инновационных технологии возделывания кормовых культур, направленного на устранения нехватки белка.

Применение смешанных посевов однолетних трав позволяет решать проблемы сбора протеина, в также повышения плодородия почвы.

В условиях Западно-Казахстанской области использования смешанных посевов кормовых культур изучены недостаточно. В Приуралье для получения полноценных и качественных урожаев смешанных посевов, важное значение имеет разработка научных основ и практических мер технологии их возделывания. В связи с этим приоритетом исследований были смешанные посевы с целью обеспечения современных запросов агропромышленного комплекса региона.

Решение проблемы увеличения производства мяса и молока можно обеспечить ускоренным развитием кормопроизводства. Для этого необходимо пересмотреть структуру сырьевых источников и технологию производства энергонасыщенных высокобелковых кормов. Для вывода кормопроизводства на более высокий уровень необходима дальнейшая диверсификация растениеводства, повышение содержания сырого протеина в кормах до 13-14%, обменной энергии до 10-11 МДж на 1 кг сухого вещества применением адаптивных и инновационных технологий.

В связи с этим в ближайшее время согласно программе развития АПК до 2017-2021 года целом, структуре посевов будет произведена замена пшеницы на кормовые культуры [1].

Важным фактором повышения эффективности диверсификации растениеводства в Западном Казахстане и снижения зависимости продуктивности культур от погодных условий

является расширение посевов наиболее приспособленных к неустойчивому увлажнению растений, таких как нут, суданская трава, сорго, кукуруза и подсолнечник.

За рубежом диверсификация сельского хозяйства считается одним из самых важных целей экологизации европейской сельскохозяйственной политики. В Финляндии в качестве диверсификации рассматривают изменения структуры посевных площадей фермерских хозяйств, путем замены монокультуры пшеницы, кормовыми культурами кукуруза, подсолнечник, сорго и их смешанными посевами [2-4]. В Северной Италии, Австралии перспективной культурой для производства силоса считается сорго. Как отмечают авторы, выращивание сорго во время периодических условий нехватки воды может стать альтернативным решением для получения кормов, когда культивация кукурузы ненадежна [5, 6].

В последние годы в Западном Казахстане в связи с проведением диверсификации с.х. товаропроизводители широко стали возделывать засухоустойчивую суданскую траву. Высокая экологическая пластичность и отавность, способность формировать хорошую массу в период летней депрессии многолетних трав, возможность посева в несколько сроков и отличная поедаемость зеленой массы всеми травоядными животными, ставят ее в ряд незаменимых компонентов зеленого конвейера. Неоценимо значение суданской травы и как культуры универсального использования, в одинаковой степени пригодной для приготовления сена, сенажа, травяной муки и силоса, использования зеленой массы на подкормку и выпас.

В Западном Казахстане за последние 17 лет посевная площадь суданской травы на зеленый корм выросла от 5 до 31 тыс. га. Однако, доля суданской травы в структуре кормовых культур остается все еще незначительной, ее значение в рационе сельскохозяйственных животных и урожайность, не соответствуют ее потенциальным возможностям из-за отсутствия дифференцированных технологий ее возделывания, это указывает на необходимость исследований, направленных на совершенствование агротехники этой культуры – сроки уборки, регулирование высоты среза (двуукосное использование).

Одним из путей увеличения продуктивности суданской травы является использование смешанных ее посевов с нутом, подсолнечником, кукурузой и сорго. Смеси за счет лучших качественных показателей корма обеспечивают максимальный выход кормовых единиц и переваримого протеина. Использование смешанных посевов позволяет снижать напряженность полевых работ и получать высококачественные корма в более продолжительные сроки в системе зеленого конвейера, а также заготавливать их на зеленый корм, сено, сенаж и силос. Высокая эффективность смешанных посевов суданской травы с кукурузой, суданской травы и нута, суданской травы и подсолнечника установлена на опытах многих ученых ближнего и дальнего зарубежья [7, 8].

Как показывают данные краткого обзора, исследования проведенные, с кормовыми культурами в разных странах ориентированы на другие количественные характеристики почвы, климата, уровни продуктивности растений и рентабельности сельскохозяйственного производства. Ранее подобных исследований по предлагаемой схеме в условиях зоны исследований не проводились.

Исследования проводятся в ЗКАТУ имени Жангир хана по проекту AP05130172 «Разработка адаптивных технологий возделывания кормовых и масличных культур применительно к условиям Западного Казахстана». Опыты заложены и произведены согласно принятых методик.

Исследования смешанных посевов отражены в работах многих ученых [9-11]. Однако, работы этих ученых направлены на изучение смешанных посевов кормовых культур в условиях других стран и зон, а также в условиях орошаемого земледелия.

В условиях Западно-Казахстанской области использования смешанных посевов кормовых культур изучены недостаточно.

В процессе изучения смешанных посевов однолетних культур нами проводились наблюдения за продолжительностью фаз роста и развития их компонентов. Фенологические наблюдения в годы исследований показали, что продолжительность фаз развития культур различаются в зависимости от их видовых и биологических особенностей.

Как показывают данные наших исследований 2019 года у изучаемых культур смешанных посевов продолжительность укосного периода различная. Разная продолжительность укосной спелости смешанных посевов позволяет создать конвейер для бесперебойного поступления кормовой продукции в течение всего весенне-летнего сезона для производства зеленых кормов, сенажа и силоса.

Важными показателями, которые в значительной степени определяют уровень продуктивности агроценозов, являются густота стояния растений и их выживаемость в период вегетации.

Как показывают данные исследований, фактическая густота стояния растений в смешанных посевах суданской травы и однолетних кормовых культур была близкой к заданной. В смешанных посевах с суданской травой в период полных всходов фактическая густота посевов кукурузы и подсолнечника соответственно составили 30,0 тыс.шт/га. К начало вегетации густота посевов сорго высеянных совместно с суданской травой составила 30,0 тыс.шт/га.

При этом сохранность растений зависело как от видового состава компонентов, так и от сроков уборки агрофитоценозов, а также сложившихся погодных условий во время вегетации.

В наших исследованиях в сухо-степной зоне сохранность растений суданской травы в смешанных посевах с однолетними кормовыми культурами за период вегетации при 1 сроке уборки составила от 90,66 (посев с подсолнечником) до 85,21% (смешанные посевы с кукурузой).

Однолетние кормовые культуры высеянные совместно с суданской травой при уборке на сенаж (сорго, кукуруза, подсолнечник) испытывали не одинаковое влияние со стороны суданской травы. При этом при посеве совместно с суданской травой наибольшая сохранность растений отмечена у подсолнечника – 90,66%. Меньше всего конкурентную борьбу со стороны суданской травы выдерживали сорго (сохранность 85,66%) и кукуруза (сохранность 87,33%).

При дальнейшей задержке срока уборки смешанных посевов до фазы цветение-налив зерна суданской травы отмечается выпад растений из травостоя. При этом сравнительно высокая сохранность растений отмечена у подсолнечника 88,33 %, а также у кукурузы – 84,00 %. Сравнительно больше выпадов растений за период вегетации при уборке на силос установлены у сорго (сохранность 72,33%). При возделывании на силос наиболее высокая сохранность суданской травы отмечена в совместных посевах с подсолнечником (81,60%). При уборке смешанного посева с сорго на силос сохранность растений суданской травы на уровне 80,09%. Наименьшая сохранность при уборке на силос установлена у растений суданской травы высеянной с кукурузой (79,09%), что связано с большой конкуренцией со стороны кукурузы.

Таким образом, можно отметить, что в смеси культуры суданской травы, сорго и нут неплохо сочетаются друг с другом и при смешанном севе не оказывают сдерживающее влияние.

При уборке на силос наибольшим конкурентом суданской травы является подсолнечник. При посеве в смеси суданская трава также испытывает более высокую конкуренцию со стороны кукурузы. При этом конкурентная борьба растений усиливается при задержке срока уборки на силос.

**Материал и методика исследования.** В исследованиях также изучалась высоты растений, динные которой представлены в рисунке 1.




Рисунок 1 – Высота растений смешанных агрофитоценозов суданской травы, см

Для получения хороших кормов имеет значение не только рост растений в высоту, но и формирование достаточно большой площади листьев. В исследованиях были проведены наблюдения за формированием листовой поверхности культурами смешанного агрофитоценоза, данные приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Показатели фотосинтетической деятельности агрофитоценозов в зависимости от сроков уборки, 2019 г

Варианты опыта	Максимальная площадь листьев, тыс.м <sup>2</sup> /га	Фотосинтетический потенциал, млн.м <sup>2</sup> .дн./га
1 срок уборки		
Суданская трава+сорго на сенаж	5,11	0,26
Суданская трава+кукуруза на сенаж	5,44	0,27
Суданская трава+подсолнечник	6,15	0,31
2 срок уборки		
Суданская трава+сорго на силос	8,38	0,56
Суданская трава+кукуруза на силос	8,55	0,57
Суданская трава+подсолнечник на силос	9,37	0,63

В опытах урожайность смешанных посевов зависела как от видового состава компонентов, так и от сроков уборки агрофитоценозов.

При совместном посеве суданской травы и кукурузы при использовании на сенаж продуктивность зеленой массы равнялась 81,25 ц/га, сухой массы 14,58 ц/га. Сбор зеленой массы при уборке совместных посевов суданской травы и кукурузы на силос повысился до 128,52 ц/га, а сбор сухого урожая составил 23,45 ц/га.

На варианте посева суданская трава + подсолнечник данные показатели при уборке на сенаж были равны 93,42 и 16,48 ц/га и 136,22 и 24,59 ц/га при уборке на силос.

На посеве смеси суданской травы и сорго при ранней уборке на сенаж сырой урожай составил 76,16 ц/га, а сухого корма 13,75 ц/га. Совместный посев суданской травы и сорго при уборке на силос обеспечил выход зеленой массы на уровне 117,44, сухой массы – 21,61 ц/га.

Таким образом, в условиях 2019 года среди всех изученных посевов наиболее продуктивной была смесь суданской травы и подсолнечника.

В целом погодные условия 2019 года оказали положительные влияния на ростовые процессы растений смешанных агрофитоценозов. К моменту уборки на силос (4 июля) компоненты смешанных посевов смогли сформировать продуктивный травостой.

При уборке смешанных агрофитоценозов на силос по продуктивности также сохраняется тенденция установленная при уборке на сенаж. При этом наиболее высокий сбор зеленой (136,22 ц/га) и сухой массы (25,60 ц/га) получен при возделывании суданской травы в смеси с подсолнечником. Продуктивность смеси суданской травы и сорго по сбору зеленой и сухой массы был на уровне 117,44 и 21,14 ц/га. При уборке на силос промежуточное положение по продуктивности занимает смесь суданской травы и кукурузы – 128,52 ц/га зеленая масса, 23,84 ц/га сухая масса.

По данным биоэнергетического анализа проведена оценка кормовой ценности изученных посевов. В 2019 году среди изученных агрофитоценозов наибольшим выходом белка и кормовой единицы отличалась смесь суданской травы и кукурузы на силос (1,63 ц/га) и смеси сорго и суданской травы на силос (1,60 ц/га). На совместных посевах суданской травы и подсолнечника при уборке на силос переваримый протеин показал сбор 1,64 ц/га. В опытах промежуточное положение по сбору протеина занимает смесь суданская трава+сорго 1,63 ц/га. Данные представлены в таблице 2.



Таблица 2 – Влияние сроков уборки на кормовую ценность посевов, 2019 г

Варианты смешанных посевов	Зеленая масса	Сухая масса	Сбор переваримого протеина, ц/га	Сбор кормовых единиц, ц/га	Выход обменной энергии, ГДж/га	Обеспеченность кормовых единиц протеином, г
1 срок уборки						
Суданская трава+сорго на сенаж	76,16	13,75	1,18	12,81	13,29	107
Суданская трава+кукуруза на сенаж	81,25	14,58	1,10	13,47	13,50	92
Суданская трава+подсолнечник на сенаж	93,42	16,48	1,10	15,22	15,26	85
2 срок уборки						
Суданская трава+сорго на силос	117,44	21,14	1,60	19,65	20,28	98
Суданская трава+кукуруза на силос	128,52	23,84	1,63	21,89	22,01	86
Суданская трава+подсолнечник на силос	136,22	25,60	1,64	23,50	23,63	85
НСР <sub>05</sub> сухая масса – 1 срок уборки 1,38 ц/га, 2 срок уборки 2,08 ц/га						

При использовании смешанных посевов суданской травы и сорго при уборке на сенаж и на силос продуктивность агрофитоценозов по выходу переваримого протеина были на уровне 1,18 и 1,60 ц/га. При ранней уборке смеси суданской травы с нутом на зеленый корм сбор переваримого протеина достигает 1,35 ц/га. При использовании совместных посевов кукурузы и суданской травы в зависимости от сроков уборки продуктивность посевов по сбору переваримого протеина колеблется от 1,10 (сенаж) до 1,63 ц/га (силос).

Оценку кормоэнергетических достоинств посевов проводили по выходу кормовых единиц, обменной энергии и обеспеченности единицы корма белком. В первом варианте срока уборки более высокие показатели установлены у смеси суданской травы и подсолнечника: 15,22 ц/га кормовых единиц и 15,26 ГДж/га полезной энергии для животных, с обеспеченностью кормовых единиц протеином на уровне 85 г.

При уборке на сенаж сбор кормовых единиц у смешанных посевов суданской травы с сорго и кукурузой составил 12,81 и 13,47 ц/га, при выходе обменной энергии 13,29 и 13,50 ГДж/га.

**Заключение.** Как показывают данные исследований 2019 года, по продуктивности и кормовой ценности ранняя уборка смешанных посевов суданской травы с однолетними кормовыми культурами уступает более поздним срокам уборки в целях использования на силос. При уборке на силос наибольший сбор кормовых единиц получен на варианте использования в качестве компонента смешанного посева суданской травы подсолнечника – 23,50 ц/га. Данная двухкомпонентная смесь по сравнению с другими вариантами смешанных посевов обеспечила максимальный сбор обменной энергии 23,63 ГДж/га.

При использовании смешанных посевов суданской травы и сорго на силос сбор кормовых единиц и обменной энергии был минимальным и составил 19,65 ц/га и 20,28 ГДж/га, соответственно. При уборке на силос по кормовой и энергетической ценности промежуточное положение занимает смесь суданская трава+кукуруза – 21,89 ц/га кормовые единицы и 22,01 ГДж/га обменная энергия.

Относительно высокая обеспеченности кормовой продукции белком отмечен при высеве суданской травы с сорго (98г). Этот показатель на вариантах смешанных посевов суданская трава+кукуруза и суданская трава+подсолнечник был примерно одинаков и составил 85 и 86 г.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Официальный интернет ресурс Премьер Министра Республики Казахстан. [www.primeminister.kz/page/article\\_item-89](http://www.primeminister.kz/page/article_item-89).
2. Uzun FS, Ugur, Sulak M. Yield, nutritional and chemical properties of some sorghum x sudangrass hybrids (*Sorghum bicolor* (L.) Moench x *Sorghum sudanense* Stapf.) // Journal of Animal and Veterinary Advances. – 2009. – №8. – P.1602-1608.
3. Tagarakis A.C. Proximal sensing to estimate yield of brown midrib forage sorghum // Agronomy Journal. – 2017. – Volume 109. - Issue 1. – P. 107-114.
4. Nenko N.I. Prospects for sunflower cultivation in the Krasnodar region with the use of plant growth regulator // Helia. – 2016. – Volume 39. - Issue 65.– P. 197-211.
5. Abd El-Lattief E.A. Growth and fodder yield of forage pearl millet in newly cultivated land as affected by date of planting and integrated use mineral and organic fertilizer // Asian Journal of Crop Science. – 2011. – Volume 3. - Issue 1. – P. 35-42.
6. Amaducci S., Colauzzi M. Effect of irrigation and nitrogen fertilization on the production of biogas from maize and sorghum in a water limited environment // European Journal of Agronomy. – 2016. –Volume 76. – P. 54-65.
7. McIntosh D.W. Forage harvest timing impact on biomass quality from native warm-season grass mixtures // Agronomy Journal. – 2016. – Volume 108. - Issue 4. – P.1524-1530.
8. Елсуков М.П., Тютюнников А.И. Однолетние кормовые культуры в смешанных посевах. – М.: Сельхозгиз, 1999. – 309 с.
9. Васин А.В. Формирование высокопродуктивных агрофитоценозов многолетних смесей с бобовыми на корм в лесостепи Среднего Поволжья. - Кинель, 2000. - 184 с.
10. Zavarzin A.I., Kostina G.I., Mahrov I.V. World collection source of raw material for the selection of Sudan grass // Corn and sorghum. – 2002. – №6. – С. 20-21.
11. Соколова Е.А. Смешанные посевы на зеленый корм. - Ижевск: Удмуртия, 1976. – С. 61 - 62.

## ТҮЙІН

Тұрақты жемшөп базасының негізі – өсімдік тектес мал азықтары болып табылады. Олар жалпы мал азығының 95% құрайды. Өсімдік тектес мал азықтары өндірісінің негізгі көзі далалық жем өндірісі болып табылады. Бұл жалпы мал азығының 70% -дан астамын береді, ал ауыл-шаруашылық жерлері көп жыртылған аудандарда - 90-95% дейін. Мал азықтық ақуыз өнімін жоғарылатуда жем-шөп дақылдарды аралас егістіктерде өсіру маңызды. Ұзақ мерзімді ғылыми-зерттеу және өндірістік тәжірибе көрсеткендей, аралас егістегі өсімдіктер әрқайсысына жеке-жеке қарағанда сыртқы жағдайлардың өзгеруіне көбірек бейімделеді. Бұл бір типтегі түрлердің және тіпті сорттардың тіршілік ету ортасына топырақ пен және климаттық жағдайға әр түрлі талғамына байланысты. Аралас дақылдарда өсімдіктер өсу мен дамудың негізгі факторларын, ең алдымен ылғал мен күн энергиясын біркелкі және толық пайдаланады. Қоректік заттар мен ылғалға әртүрлі талаптар қоя отырып, аралас дақылдар өздеріне қажетті заттарды топырақтың әр түрлі горизонттан ала отырып бір біріне бәсеке бол алмайды. Зерттеулердің негізгі мақсаты мал шаруашылығын құнарлы да сапалы азықпен қамтамасыз ету үшін судан шөбінің қатысуымен аралас агрофитоценоздарды зерттеу. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы жағдайында судан шөбінің аралас егістіктерді өсіру технологиясы бағытында мәліметтер алынды.

## RESUME

The basis of a solid forage base is vegetable feed. They account for approximately 95% of the total feed consumption. The main source of plant feed production is field feed production. It gives more than 70% of the total feed, and in areas with a high plowing of agricultural land - up to 90-95%. In increasing the collection of feed protein, the cultivation of mixed crops of feed crops is important. Long-term scientific research and production practice show that plants in mixed sowing are more adapted to changes in external conditions than each of them individually. This is due to the fact that species and even varieties of the same species are differently related to the soil and climatic conditions of the habitat.

In mixed crops, the plants more evenly and fully consume the main factors of growth and development, primarily moisture and solar energy. Having different requirements for food and moisture, different types of plants in mixed crops consume them from different horizons, without competing with each other. The aim of the research is to study mixed crops of forage crops with the participation of Sudanese grass to provide livestock with complete feed. As a result of the research data on the study of adaptive technology of cultivation of Sudanese grass in mixed crops in the West Kazakhstan region.

ӘОЖ 631.2; 633.2; 631.52

**Нургазиев Р.Е.**, а.ш.ғ.кандидаты, ҚР АШҒА корреспонденті-мүшесі

**Көшен Б.М.**, а.ш.ғ.докторы, профессор

**Шегенов С.Т.**, а.ш.ғ.кандидаты

**Исмаилова А.А.**, а.ш.ғ.магистрі

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМҚ, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

### **ЕРКЕКШӨПТІҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ПІШЕНІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА СЕБУ ТӘСІЛІ МЕН ҚОРЕКТІК АЛАҢЫНЫҢ ӘСЕРІ (AGROPYRON PECTINIFORME ROEM. ET SCHULT.)**

#### **Аннотация**

Мақалада еркекшөпті малазықтық және тұқымдық мақсатта өсіру технологиясы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілген. Тұқым өнімділігі бойынша көпжылдық шөптердің әлеуетті мүмкіндіктерін іске асырудың басты шарты – өндірісте ғылым мен озық тәжірибе жетістіктеріне негізделген тұқым өсіру мен жинаудың тиімді, экологиялық қауіпсіз технологияларын игеру. Көп жылдық шөптердің тұқымдарын өндірудің қазіргі заманғы технологияларын енгізудің негізі - арнайы бір түрге жататын тұқымдық пішендерді салу. Малазықтық пішен мақсатында пайдаланылған жерлерден бөлінген участоктармен салыстырғанда тұқым өнімділігі бойынша арнайы құрастырылған тұқымдық егістіктердің өнімділігі 30-75%-ға жоғары болып келеді. Еркекшөптің тауарлық тұқым шаруашылығын оны өсіру аймағының неғұрлым қолайлы жағдайларында шоғырландыру осы дақылдың тұқымдарын өндіруді ұлғайтудың негізгі резерві болып табылады. Көп жылдық шөптердің тұқымдарын өндіруді ұлғайту және оны жылдар бойынша тұрақтандыру факторларының бірі жоғары сапалы егіс материалында жемшөп өндірісінің ғылыми негізделген қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында мамандандырылған аймақтарда тауарлық тұқым шаруашылығын ұйымдастыру болып табылады, бұл туралы әлемдік тәжірибе куәландырады. Көпжылдық шөптерді азыққа өсіру технологиясының әзірленген тәсілдері әр гектардан 2,6-3,3 құрғақ заттан, 2,7-3,5 жемдік бірліктен және 3,0-3,7 ц/га қорытылатын протеиннен, 2,0-3,7 ц/га тұқым өнімділігін қамтамасыз етеді.

**Түйін сөздер:** еркекшөп, өнімді ылғалдылық, пішен құрылымы және биіктігі, шөп құрылымы, себу әдісі, себу нормасы, шөп өнімділігі, тұқым өнімділігі, қатар аралығы.

**Кіріспе.** Қазақстанның солтүстігінде егістік шабындықтар мен жайылымдарды қоса алғанда, табиғи жемшөптік алқаптар (ЖБК) 32,0 млн. гектардан астам жерді алады, ал егістіктегі жемдік сынаманы (5,7 млн. га) ескере отырып, жалпы жемдік алқап 38 млн. гектардан асады. Алайда, табиғи жемшөптік алқаптардың едәуір агроэкологиялық әлеуетіне қарамастан, олардың алаңдары үнемі қысқарып отырады, алқаптардың өнімділігі мен олардан алынатын жем-шөп сапасы төмендей түседі [1].

Шөп қоспаларының әр түрлі ара қатынасы бар құрамдастырылған шөптерді (еркекшөп, жоңышқа) құру және пайдалану кезінде еркекшөп топырақтың сулы-ауа қасиеттерін және

алқаптардың азықтық сыйымдылығын жақсартып отырып, негізгі компонент болып табылады. Еркекшөпті себу тәсілі есебінен жайылымдардың өнімділігін 5 есеге арттыруға болады [2,3].

Еркекшөптің егістіктегі орташа өнімділігі 8 ц/га құрайды, қолайлы жылдары бұл көрсеткіш 30 ц/га дейін, ал қолайсыз жылдары 4-5 ц/га дейін ауытқиды. Еркекшөп өсімдіктерінің өнімділігі тіршілік циклының екінші жылынан бастап ұлғаяды, 4-5 жылдары максимумға жетеді, содан кейін төмендеуі байқалады. 4-5 жылғы еркекшөп өсімдіктері ең көп сабақ санын қалыптастырады, сонымен қатар, шөп, құрғақ зат және жемдік бірліктердің ең көп жиналуы болады [4-6].

Дәнді шөптер арасында қоректілігі бойынша еркекшөп жетекші орын алады (протеин мөлшері 16%), бірақ, жоңышқа мен эспарцеттен бұл көрсеткіші аздап төмен болады (17-21%) [7]. Қазақстанның солтүстігінде өзінің экологиялық икемділігіне байланысты кең жолақты еркекшөп 60% үлес салмағымен жетекші орынға ие. Ол құрғақшылыққа және қысқа жоғары төзімді болып келеді, сондықтан жылдық жауын-шашын мөлшері 290 мм болатын құрғақ дала жағдайында өседі. А.И.Бараев атындағы АШҒӨО деректері бойынша, агротехниканың жоғары деңгейінде еркекшөп жергілікті жағдайда 22-ден 30 ц/га дейін шөптің өнімін бере алады. Ең жоғары өнімділік еркекшөп тіршілік циклының екінші-үшінші жылы береді, бірақ пішен түрінде ұзақ уақыт сақталады. Вегетациялық кезеңде бір орым қалыптастырады [8-10]. Алайда, кең жолақты еркекшөпті өндіріске кеңінен енгізу үшін өсіру технологиясының ресурс үнемдеуші элементтерін әзірлеу қажет. Сондықтан бұл жұмыс өзекті болып табылады.

**Зерттеу әдістері мен тәсілдері.** Зерттеулер ЖТН BR06249365 «Солтүстік және Батыс Қазақстан жағдайында жоғары өнімді жайылымдық жерлерді құру және оларды ұтымды пайдалану» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде орындалған.

Зерттеу объектісі – көпжылдық дәнді шөптер, еркекшөптің сорттық агротехникасы, жем мен тұқымға энергия үнемдейтін сорттық технология. Жүргізілген зерттеулердің тақырыбы жайылымдардың өнімділігін арттырудың және экологиялық жағдайды жақсартудың жаңа бағыты болып табылады.

Зерттеулер «Аймақтық Астық Холдингі» ӘКК «Мирас Жер Агрофирмасы» ЖШС-де жүргізілді.

Қайталау – төрт рет. Бөліктердің орналасуы жүйелі. Мөлдектің есептік ауданы - 20 м<sup>2</sup>.

«Солтүстік Қазақстанның шоқылы-жазықтық аймағында тауарлық және шаруашылық ішкілік тұқым шаруашылығы үшін көпжылдық дәнді шөптердің тұқымдарын өндірудің энергия үнемдейтін және экономикалық тиімді сорттық технологиясын әзірлеу» тақырыбы бойынша зерттеулерде есепке алу және бақылау келесі сынақтан өткізілген әдістемелер бойынша жүргізілді:

- топырақ ылғалының қорын анықтау;
- топырақ үлгілерін іріктеу;
- топырақтың көлемдік массасын анықтау;
- көпжылдық шөптер өсімдіктерінің тығыздығы және олардың сақталуы, көпжылдық шөптердің өсуі мен дамуына фенологиялық бақылау визуалды жүргізіледі, олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес өсімдіктер дамуының негізгі фазалары белгіленеді;
- жасыл массаның өнімін есепке алу 20 м<sup>2</sup> есептік алаңнан жүргізіледі;
- жемнің химиялық құрамы зертханада жалпы қабылданған әдістемелер бойынша анықталады.

2015 жылға дейін тәжірибелік учаске дәнді-жемдік дақылдардың егісіне пайдаланылды. Топырақ жамылғысы қарапайым қара топырақты құрайды. Топырақтағы гумус мөлшері (топырақ түріне байланысты) 2,8-3,4%, жеңіл гидролизденетін азот 3,5-3,8 мг, жылжымалы фосфор 2,1-2,3, алмасатын калий 48-50 мг 100 г топыраққа шаққанда.

Тәжірибедегі еркекшөптерді өсіру агротехникасы АШҚазҒЗИ (1986 ж.) жемшөп өндірісі бөлімінің аймаққа ұсынылған ұсыныстары бойынша жүргізілді. Көпжылдық дәнді шөптердің тұқымдарын өндірудің энергия үнемдейтін сорттық технологиясын әзірлеу

бойынша зерттеу объектісі ретінде еркекшөптің Бурабай жаңа сорты таңдалды. Еғу 2017 жылы жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері.** Еркекшөптің, әсіресе тұқымдардың өнімділігі көп жағдайда өсімдіктердің әртүрлі қоректену алаңын негіздейтін себу тәсілдеріне байланысты, демек, олардың жарықпен, қоректену элементтерімен, ылғалмен қамтамасыз етілуіне байланысты болады. Себудің оңтайлы тәсілін анықтау үшін еркекшөп қатар арасының ені 15 см қатарлап және қатар арасы 30, 45 және 60 см кең қатарлы тәсілмен себілді. Себудің әрбір тәсілінде 2,4 және 6 млн. дана/га өңгіш тұқым себу нормалары сыналды.

Еркекшөптің тіршілік циклының үшінші жылында қатар аралық ені әртүрлі егістіктерде фенологиялық фазалар өтуінде айырмашылық болған жоқ. Егудің барлық тәсілдерінде өскіндердің пайда болуы егуден кейін екі аптадан сон байқалды. Түтікке шығу барлық зерттелетін нұсқалар бойынша бір мезгілде басталды.

Тіршілік циклының үшінші жылында еркекшөптің егістерінде топырақтың ылғал қоры түтіктеу фазасында 98-103 мм-ге, гүлдену фазасының басында 40-41 мм-ге тең болды. Қатар аралықтарының енінің ұлғаюымен топырақтағы жақсы ылғал қорының белгілі бір үрдісі анықталды. Өнімді ылғал қорына өсімдіктер жамылғысының проекциясы да әсер етті, қатар арасы енінің ұлғаюына байланысты өсімдіктер жамылғысының проекциясы азая түсті, осыған байланысты топырақ бетінен ылғалдың булануы жоғарылады.

Сабақ тығыздығын белгілі бір деңгейге дейін өзін-өзі реттеу процесі өсімдіктің тіршілік циклының үшінші жылында жалғасты және кең қатарлы егістіктерде ерте аяқталды. Өсімдіктердің тіршілік циклының үшінші жылы бойынша жалпы сабақ тығыздығы қатарлап себілген егістіктерде 1287-1301, кең қатарлы (30 см) – 955-1037, 45 см – 771-801, 60 см – 637-656 дана/м<sup>2</sup> құрады.

Жалпы сабақ қалыңдығының азаюы ондағы генеративті сабақтардың үлесінің артуымен қатар жүрді, олардың ең аз мөлшері (57,6-67,1%) қатарлап себілген егістіктерде, ең көбі – 75,9-79,2% - кең қатарлыда (60 см) болды. Еркекшөп шөптерінің биіктігіне тұқым себу нормасына қарағанда қатар аралығының ені үлкен әсер етті, себу нормасының 2-ден 6 млн-ға дейін артуы тек қатарлап себу (15 см) егістіктерде өсімдік биіктігін (5,1 см-ге) айтарлықтай төмендеуін тудырды. Еркекшөптің тіршілік циклының үшінші жылы қатарлап себу егістерде шөп биіктігі 48,4-53,5 см, кең қатарлы 30 см-ден кейін 58,1-58,6 см, 45 см-ден кейін 59,8-60,3 см, 60 см-ден кейін 63,1-63,8 см құрады. Кең қатарлы егістердегі өсімдіктер қатарлап себу егістердегі өсімдіктерге қарағанда анағұрлым жоғары және қуатты дамыған.

Кең қатарлы егістердегі генеративтік сабақтардың үлесінің артуы пішен құрамдағы масақтар санын арттырып, сонымен қатар өсімдіктің жапырақтануын төмендетті. Қатарлап себілген егістердегі өсімдіктердің жапырақтануы себу нормасына байланысты 40,9-45,0%, кең қатарлы (30 см) - 40,2-41,4%, 45 см және 60 см – 38,1-38,3% деңгейінде болды, ал масақ саны, тиісінше 17,1-20,8%, 20,3-21,4% және 22,4-22,9% құрады. Сабақтардың құрамы себудің барлық тәсілдері мен себу нормаларында салыстырмалы түрде бірдей болды және 37,8-39,3% құрады. Себу нормасының өсімдіктердің жапырақтануына әсері, негізінен, қатарлап себілген егістіктерде байқалды.

Еркекшөптің тіршілік циклының үшінші жылы себудің барлық тәсілдерінде өнімділік көрсеткіші жоғары болды: қатарлап себуде (15 см) 22,7 ц/га; кең қатарлы (30 см) – 26,7 ц/га; 45 см – 26,7 ц/га; 60 см – 20,2 ц/га, ал себу нормасын 6 млн-нан арттыру себудің барлық тәсілдері бойынша өнімділіктің, тиесінше, 3,7; 3,6; 4,4 және 1,6 ц/га төмендеуін туындатты (1 кесте).

Келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, ең жоғары өнімділік кең қатарлы себу әдістерінде (30 және 45 см) алынған. Қатарлап себу тәсілдері егістерінде еркекшөп пішенінің өнімділігі кең қатарлы тәсіліне қарағанда төмен болды. Сондай-ақ, себу нормасын 6 млн-ға дейін арттыру қатарлап себу тәсілінде (15 см) еркекшөптің пішен өнімділігінің 19,0 ц/га-ға дейін төмендеуін тудырды.

1 кесте – Себу нормасы мен себу тәсіліне байланысты үшінші жылғы еркекшөптің өнімділігі (ц/га)

Себу нормасы, млн. дана/га	Қатар аралығы, см	2019 ж.
2	15	22,7
2	30	26,7
2	45	26,7
2	60	20,2
4	15	20,8
4	30	24,5
4	45	24,9
4	60	19,9
6	15	19,0
6	30	23,1
6	45	22,3
6	60	18,6
m %		2,5
КМА 0,95 нақты айырмашылықтар үшін		1,7
КМА 0,95 себу нормасы үшін		1,0
КМА 0,95 қатар аралығы үшін		1,0

Себу әдісі еркекшөпті тұқымға өсіру кезінде ерекше маңызға ие болады, өйткені репродуктивті органдардың дамуына үлкен әсер етеді. Кең қатарлы егістерде тіршілік циклының үшінші жылынан бастап тұқым себу нормасына қарамастан, алқап бірлігінде генеративтік сабақтардың белгілі бір саны қалыптасты. Себу нормасын 2 млн-нан 6 млн-ға дейін көтеру кезінде масақ байлаған сабақтардың санының төмендеуі тек қатарлап себілген егістерде байқалды. 2019 жылы қатарлап себілген егістіктерде қатарлап себілген генеративтік сабақтар саны 744-869 дана/м<sup>2</sup>, кең қатарлы 30 см – 725-745, 45 см – 616-623, 60 см – 512-522 дана/м<sup>2</sup> аралығында дамыды.

Масақтың ұзындығына тұқым себу нормасына қарағанда себу тәсілі әсер етті. Себу нормасының 2 млн-нан 6 млн-ға дейін артуы қатар аралығы ені 15 және 30 см егістікте масақ ұзындығының 0,3-0,5 см-ге төмендеуін тудырды (2 кесте). Қатар аралығы енінің 15 см-ден 60 см-ге дейін артуы масақ ұзындығының ұзаруына ықпал етті және бұл көрсеткіш 0,6-0,9 см-ге дейінгі айырмашылыққа жетті.

2 кесте – Себу тәсіліне және себу нормасына байланысты тұқым өнімі құрылымының элементтері

Себу нормасы, млн. дана/га	Қатар аралығы, см	Масақ ұзындығы, см	Масақтағы масақшалар саны, дана	1000 тұқым массасы, г
1	2	3	4	5
2	15	4,8	28	2,3
2	30	5,1	30	2,5
2	45	5,2	31	2,5
2	60	5,4	31	2,6
4	15	4,4	27	2,3

1	2	3	4	5
4	30	4,9	29	2,3
4	45	5,0	30	2,5
4	60	5,2	30	2,6
6	15	4,3	26	2,3
6	30	4,8	29	2,3
6	45	5,0	29	2,5
6	60	5,2	29	2,6

Масақтағы масақшалар саны кейбір дәрежеде масақ ұзындығымен өзара байланысты. Қатарлап себу тәсілі кезінде олардың саны 26-28 дана, кең қатарлы (30 см) – 29-30 дана, кең қатарлы (45 және 60 см) – 29-31 дана болды. Себу тәсілі еркекшөптің 1000 тұқым массасының көлеміне аздаған, бірақ айтарлықтай тұрақты әсер етті, ол кең қатарлы егістерде (45 және 60 см) қатарлап себу тәсіліне қарағанда 0,2-0,3 г артық болды.

Еркекшөптің тіршілік циклының үшінші жылында жоғары тұқым өнімділігі кең қатарлы егістерде (30 және 45 см) және бұл көрсеткіш 5,6-6,6 ц/га тең болды, сонымен қатар қатар аралығы 45 см тәсілінде тұқым өнімділігі 0,3-0,4 ц/га жоғары болғаны байқалды (3 кесте). Кең қатарлы (60 см) егістерде 5,3-5,5 ц/га, қатарлап себу тәсілінде – 4,6-5,1 ц/га құрады.

3 кесте – Себу тәсілдері мен себу нормаларына байланысты тіршілік циклының үшінші жылында еркекшөп тұқымының өнімділігі (ц/га)

Нұсқалар		2019 ж.
Себу нормасы, млн. дана/га	Қатар аралығы, см	
1	2	3
2	15	5,1
2	30	6,3
2	45	6,6
2	60	5,5
4	15	4,8
4	30	6,0
4	45	6,4
4	60	5,4
6	15	4,6
6	30	5,6
6	45	5,9
6	60	5,3
m %		4,0
КМА 0,95 нақты айырмашылықтар үшін		1,3
КМА 0,95 себу нормасы үшін		0,9
КМА 0,95 қатар аралығы үшін		1,1

Себу нормасын 2 млн. астам арттыру тиімсіз болды, өйткені себудің барлық тәсілдері кезінде өнімділікті 0,2-0,7 ц/га-ға төмендетті.

Пішенге қолданған кезде еркекшөпті себу тәсілдерінің ішінен қатарлап себу тәсілімен салыстырғанда кең қатарлы (30 және 45 см) нұсқасында 44%-ға артық пайда алынды (4 кесте).

4 кесте – Еркекшөпті пішенге себу тәсілдерінің экономикалық тиімділігі, себу нормасы 2 млн. дана/га

Себу тәсілі	Қатар аралығы, см	Пішен өнімділігі, ц/га	Шығындар, теңге/га	Пайда		1 ц пішеннің өзіндік құны, теңге	Рентабелдік деңгейі, %
				теңге/га	% бақылауға		
Қатарлап (бақылау)	15	22,7	35469,35	41848,16	100	1562,52	117
Keң қатарлы	30	26,7	27598,94	60598,02	144	1033,66	219
-//-	45	26,7	27598,94	60598,02	144	1033,66	219
-//-	60	20,2	37339,75	36826,38	88	1848,50	98

Бақылау нұсқасымен салыстырғанда пішеннің өзіндік құны 528,86 теңге төмен, ал рентабелдік деңгейі – 102%-ға жоғары.

Keң қатарлы егістерде пішен өнімділігі төмен және қатар аралықтарды өңдеу шығындары жоғары болғандықтан қатарлап себу тәсілімен салыстырғанда пайдасы 12%-ға, рентабелдік деңгейі 19%-ға төмен болды. Еркекшөпті тұқымға өсіру кезінде кең қатарлы тәсілімен салыстырғанда қатарлап (15 см) себу егістерінің тиімділігі төмен болды (5 кесте).

5 кесте – Еркекшөпті тұқымға себу тәсілдерінің экономикалық тиімділігі, себу нормасы 2 млн. дана/га

Себу тәсілі	Қатар аралығы, см	Өнімділік, ц/га	Шығындар, теңге/га	Пайда		1 ц тұқымның өзіндік құны, теңге	Рентабелдік деңгейі, %
				теңге/га	% бақылауға		
Қатарлап (бақылау)	15	5,1	34222,57	75527,21	100	6710,30	220
Keң қатарлы	30	6,3	29089,18	93653,74	124	4617,33	321
-//-	45	6,6	26180,26	98185,37	130	3966,70	375
-//-	60	5,5	33484,76	81569,38	108	6088,13	243

Keң қатарлы тәсілдерінің ішінде қатар аралығы 45 см нұсқасында пайда көлемі 98185,37 теңгені құрап, қатарлап себілген егістерден 30% жоғары және 1 ц тұқымның өзіндік құнының ең төмен көрсеткіші - 3966,70 теңге осы нұсқада болды, ал рентабелдік деңгейіне келетін болсақ бұл көрсеткіш жоғары болды - 375% көрсетті

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, еркекшөпті пішен мен тұқымға өсіру кезінде 30 және 45 см себу тәсілдері мен 2 млн. дана/га себу нормасы экономикалық тиімді болып табылады.

Еркекшөптің тіршілік циклының үшінші жылында жоғары тұқым өнімділігі кең қатарлы егістерде (30 және 45 см) және бұл көрсеткіш 5,6-6,6 ц/га тең болды, сонымен қатар қатар аралығы 45 см тәсілінде тұқым өнімділігі 0,3-0,4 ц/га жоғары болғаны байқалды. Қатарлап (15 см) және кең қатарлы (60 см) егістіктерде тұқым өнімділігі – 4,6-5,5 ц/га құрады.

Еркекшөпті пішенге өсіру кезінде себу тәсілдерінің ішінде кең қатарлы, қатар аралығы 30 және 45 см егістерінде пайда көлемі қатарлап себілген егістерден 34%-ға жоғары және 1 ц тұқымның өзіндік құнының көрсеткіші 528,86 теңге төмен болды, ең төмен көрсеткіші - 3966,70 теңге осы нұсқада болды, ал рентабелдік деңгейі 102%-ға жоғары болды.

Ал тұқымға өсіру кезінде кең қатарлы тәсілдерінен қатар аралығы 45 см нұсқасының көрсеткіштері басым болып келді, пайда мөлшері 98185,37 теңге, 30%-ға қатарлап нұсқасынан жоғары, 1 ц тұқымның ең төмен өзіндік құны – 3966,70 теңге, рентабелдік деңгейі жоғары болды – 375%.



**Қорытынды.** Еркекшөпті пішенге өсіру кезінде ең жоғары өнімділікті кең қатарлы (30 см) егістерді береді, ал тұқымға өсіру кезінде – 30 және 45 см егістер береді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Асанов К.А., Кушенов Б.М. Современные проблемы и перспективы кормо-производства в Северном Казахстане // Вестник Российской Академии сельскохозяйственных наук. – 2005. - №1. – С. 85-88.
2. Диденко И.Л., Чекалин С.Г. Формирование, изучение и использование генофонда житняка в сухостепной зоне Западного Казахстана.// Материалы Международной конференции г. Астана, 4-6 августа 2004г, Алматы, Бастау, 2004.
3. Абдрашитова Р.М. Изучение житняка различных эколого-географических групп по элементам продуктивности и кормовой ценности. // О селекции в Северном Казахстане. Целиноград, 1992, 117 с.
4. Никишков А.В., Федоткин П.М. Возделывание кормовых культур на старопашотных землях // Сборник научных трудов посвященного 10-летию независимости Казахстана и 45-летию Актюбинской СХОС – Актюбе: Актюб.СХОС, 2003.
5. Нармашев Б.Х. Урожайность и питательность сеяных сенокосов в условиях сухостепной зоны Центрального Казахстана // Вестник с-х науки Казахстана, №6, 2003, С.42-43.
6. Давлеткильдеев Ф.А. Подбор и рациональное использование кормовых культур // Научное обеспечение устойчивого развития агропромышленного комплекса республики Казахстан, Сибири, Монголии и республики Беларусь. Алматы, Бастау, 2002, С.120-122.
7. Исмаилов Б. Изучение коллекции житняка по уровню полиплоидности // Научное обеспечение устойчивого развития агропромышленного комплекса республики Казахстан, Сибири, Монголии и республики Беларусь. Алматы, Бастау, 2002. С.114
8. Филиппова Н.И. Возделывание житняка на сено и семена // Информационно-рекламная аграрная газета «АгроИнфо». – 2014.20.08.
9. Юрченко В.А., Каскарбаев Ж.А. Технология возделывания житняка в Северном Казахстане // Рекомендация. – 2013. – НҰЦЗХ им. А.И. Бараева. – С. 4.
10. Юрченко В., Алимаев И., Сисатов Ж. Влияние нормы высева и способа посева на урожайность зеленой массы и сена житняка. // Вестник с-х науки Казахстана. 9-2000. 19с.

#### **РЕЗЮМЕ**

Целью данной работы является научное обеспечение формирования высокопродуктивных агроценозов многолетних злаковых трав и разработка технологических приемов их возделывания на семена и кормовые цели в условиях сопочно-равнинной зоны Северного Казахстана. Изучены особенности роста и развития нового сорта житняка разных лет жизни, формирования агрофитоценозов многолетних трав. Установлены влияния способов посева и площади питания на формирование травостоя и урожайность житняка. Исследования показали, что из способов посева житняка при использовании на сено хорошая прибыль на 44% больше получена с широкорядных 30 и 45 см, чем при рядовом посеве с междурядьем 15 см. Себестоимость 1 ц сена составила 1848,50 тенге, а уровень рентабельности – 219%.

При возделывании житняка на семена рядовые посевы с междурядьем 15 см имели более низкую эффективность, чем широкорядные. Из широкорядных способов посева преимущество было за широкорядным с междурядьем 45 см, при котором получена хорошая прибыль 98185,37 тенге, на 30% больше рядового посева, самая низкая себестоимость 1 ц семян - 3966,70 тенге, высокий уровень рентабельности (375%).

#### **RESUME**

The aim of this work is the scientific support for the formation of highly productive agrocenoses of perennial cereal grasses and the development of technological methods for their cultivation for seeds and fodder targets in the hills-plain zone of Northern Kazakhstan. The features of the growth and development of a new variety of wheatgrass of different years of life, the formation of agrophytocenoses of perennial grasses are studied. The influence of sowing methods and the area of nutrition on the formation of grass stand and the productivity of the grain tree are established. Studies

have shown that of the methods of sowing wheatgrass when using hay, good profit is 44% more from wide-row 30 and 45 cm than with ordinary sowing with a row-spacing of 15 cm. The cost price of 1 centner of hay is 1848.50 tenge, and the profitability level is 219 %. While cultivating wheatgrass on seeds, ordinary crops with an aisle of 15 cm has lower efficiency than wide-row ones. From the wide-row methods of sowing, the advantage is wide-row with a row spacing of 45 cm, at which a good profit of 98185.37 tenge is obtained, 30% more than ordinary sowing, the lowest cost of 1 centner of seeds is 3966.70 tenge, and a high level of profitability (375%).

ӘОЖ 631.2; 633.2; 631.52

**Нургазиев Р.Е.**, а.ш.ғ. кандидаты, ҚР АШҒА корреспонденті-мүшесі

**Көшен Б.М.**, а.ш.ғ. докторы, профессор

**Шегенов С.Т.**, а.ш.ғ. кандидаты

**Исмаилова А.А.**, а.ш.ғ. магистрі

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШОҚЫЛЫ-ЖАЗЫҚ АЙМАҒЫНДА ЕРКЕКШӨПТІҢ (AGROPYRON RECTINIFORME ROEM. ET SCHULT.) ТҰҚЫМ ӨНІМДІЛІГІ МЕН МАЛ АЗЫҒЫ САПАСЫНА СЕБУ МӨЛШЕРІНІҢ ӘСЕРІ**

### **Аннотация**

Қазақстанның солтүстігінде тұрақты жем-шөп базасын құру үшін көпжылдық шөптердің егіс алқабын ұлғайту қажет, олардың арасында еркекшөп (*Agropyron rectiniforme* roem. et schult.) жетекші орын алады. Ол қысқы қаттылығы және құрғақшылыққа төзімділігі жағынан жоғары болып келеді.

Көпжылдық шөптерді тұқымдарға өсіру технологиясы оларды жемдік мақсаттарға өсіру технологиясынан айтарлықтай ерекшеленеді. Тұқымдық алқаптардағы агротехниканың барлық тәсілдері вегетативтік массаны емес, басым түрде генеративтік мүшелерінің пайда болуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталуы тиіс. Бұл ретте аудандастыруды қоспағанда дақылдармен қоса сорттардың да биологиялық ерекшеліктерін: топырақтық-климаттық жағдайлардың, топыраққа, ылғалға, жылуға, жарықтандыруға талабын, вегетациялық кезеңнің ұзақтығына, өсу мен жетілу қарқынын ескеру қажет.

Тауарлық мамандандырылған тұқым шаруашылығында тұқым өсірудің қазіргі заманғы әдістері объективті қажеттілік болып табылады, бұның негізгі мақсаты олардың жалпы өнімді ұлғайту ғана емес, сондай-ақ өнім өндіруге жұмсалатын шығындарды айтарлықтай қысқарту болып табылады, бұл тұқым нарығында бәсекеге қабілеттіліктің ұлғаюына байланысты. Осыған байланысты қазіргі заманғы технологиялық процестерді әзірлеуде алдыңғы жылдары қалыптасқан тұқым өндіру практикасын қайта бағалау объективті қажеттілік болып табылады. Сонымен қатар, бір дақылдың да заманауи сорттары өсу мен даму биологиясы, пісу мерзімдері және өнімділік ұзақтылығы, аурулар мен зиянкестерге төзімділігі, шаруашылық мақсаттағы түрі (шабындық, шабындық-жайылымдық, жайылымдық, газондық) бойынша айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, бұл олардың сорттық агротехникасын әзірлеуге ерекше көзқарасты талап етеді.

Демек, өңірдегі мал шаруашылығының дамуын тежейтін себептердің бірі әлсіз жем-шөп база болып табылады. Мықты жемшөп базасын құрудың шешуші факторы далалық пішен себуі, сондай-ақ Солтүстік Қазақстанның шоқылы-жазық аймағы жағдайында өсірудің бейімделген (энергия үнемдейтін) технологиясын әзірлеу болып табылады.

**Түйін сөздер:** кең масақты еркекшөп, себу мөлшері, малазық сапасы, тұқымдық өнімділік, пішен өнімі, оттылық қалыңдығы, топырақ ылғалдылығы, экономикалық тиімділік.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстанның дала аймағындағы жем-шөп алаңы 3,5 млн. га құрайды. Жалпы егіс алқабына мал азығы дақылдарының егістік алқабының үлесі 15,8% құрады [1].

Өткен кезеңде көпжылдық шөптер көлемі 18,9%-ға, біржылдық шөптер - 2,2 есе өсті. Алайда, жем-шөппен қажеттілікті қамтамасыз ету үшін мал азығы дақылдарының жалпы жинауы жеткіліксіз.

Осыған байланысты Қазақстанның солтүстік облыстарында мал шаруашылығының дамуын тежейтін басты себептердің бірі азықтық база болып табылады.

Дала шөптерінде шешуші рөл көпжылдық шөптерге тиесілі. Олар шөп өндірісінің басты көзі болып табылады және ең арзан азық өндірісін қамтамасыз етеді. Олар топырақ құнарлылығын сақтау мен қалпына келтіруде, агроландшафттың тұрақтылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Солтүстік Қазақстанның барлық аймақтарында көпжылдық дәнді дақылдар егісінде еркекшөп кең таралған. Шөп, тұқым және жемдік құндылығы, өсудің күрделі емес агротехникасы бойынша еркекшөп дала, құрғақ дала және шөлейт аймақтардың жетекші мал азықтық шөбі болып саналады. Құрғақшылыққа төзімділігі мен қысқы төзімділігі бойынша мал азықтық дақылдар арасында оған тең дақыл табылмайды. Ол басқа дақылдар мүлдем өспейтін немесе өнімді айтарлықтай аз беретін жерде өседі [2].

Өңірлік аспектіде мал азықтық өсімдіктерінің бірегей, элиталық және репродукциялық тұқым шаруашылығын дамытуға ғылыми қамтамасыз ету және практикалық көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет. Елде көпжылдық мал азықтық шөптердің үйлесімді және тұтас жүйесі жоқ. Тек дәнді дақылдардан босаған егістікті шалғындандыру үшін 100 мың тонна шөп тұқымы қажет [3]. Бірақ ұзақ уақыт ешкім олардың тұқым шаруашылығымен айналыспайды [4]. Екіншіліктегі істің орын алып отырған жағдайында, егістікке қиды енгізу проблемалы кезде, егістіктегі көпжылдық дәнді шөптердің егіс алқабын кеңейту қарашіріктің жоғалуын айтарлықтай төмендетеді, ал шөптердің жеткілікті көлемі (20%) кезінде топырақтың құнарлылығын тұрақтандырады [5].

Алайда, құрғақшылық аймақтар жағдайында еркекшөптің барлық түрлері азықтық масса мен тұқымдардың тұрақты өнімін бере алмайды [6]. Қазіргі уақытта пайдалануға рұқсат етілген сорттар көп жағдайда табиғи популяциялар базасында белсенді селекциялық әсерсіз жасалған және жабайы өсетін түрлерге тән теріс белгілердің болуымен сипатталады [7]. Мысалы, жалпы республика бойынша аудандастырылған еркекшөптің 18 сортының 11-і жергілікті табиғи популяциядан іріктеу әдісімен жасалған және тек 3 сортында гибридік шығу тегі бар [8].

Еркекшөптің тауарлық тұқым шаруашылығын оны өсіру аймағының неғұрлым қолайлы жағдайларында шоғырландыру осы дақылдың тұқымдарын өндіруді ұлғайтудың негізгі резерві болып табылады.

Көп жылдық шөптердің тұқымдарын өндіруді ұлғайту және оны жылдар бойынша тұрақтандыру факторларының бірі жоғары сапалы егіс материалында мал азығы өндірісінің ғылыми негізделген қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында мамандандырылған аймақтарда тауарлық тұқым шаруашылығын ұйымдастыру болып табылады, бұл туралы әлемдік тәжірибе дәлелдейді [9].

Зерттеу мақсаты көп жылдық дәнді шөптердің жоғары өнімді агроценоздарын қалыптастыру және Солтүстік Қазақстанның шоқылы-жазық аймағы жағдайында тұқым мен мал азықтық мақсаттарға өсірудің технологиялық тәсілдерін әзірлеу.

**Зерттеу әдістері мен тәсілдері.** Зерттеулер ЖТН BR06249365 «Солтүстік және Батыс Қазақстан жағдайында жоғары өнімді жайылымдық жерлерді құру және оларды ұтымды пайдалану» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде орындалған.

Зерттеу объектісі – көпжылдық дәнді шөптер, еркекшөптің сорттық агротехникасы, мал азығы мен тұқымға энергия үнемдейтін сорттық технология. Жүргізілген зерттеулердің тақырыбы жайылымдардың өнімділігін арттырудың және экологиялық жағдайды жақсартудың жаңа бағыты болып табылады.

Зерттеулер «Аймақтық Астық Холдингі» ӘКК «Мирас Жер Агрофирмасы» ЖШС-де жүргізілді.

Қайталау – төрт рет. Бөліктердің орналасуы жүйелі. Мөлдектің есептік ауданы - 20 м<sup>2</sup>.

«Солтүстік Қазақстанның шоқылы-жазықтық аймағында тауарлық және шаруашылық ішілік тұқым шаруашылығы үшін көпжылдық дәнді шөптердің тұқымдарын өндірудің энергия үнемдейтін және экономикалық тиімді сорттық технологиясын әзірлеу» тақырыбы бойынша зерттеулерде есепке алу және бақылау келесі сынақтан өткізілген әдістемелер бойынша жүргізілді:

- топырақ ылғалының қорын анықтау;

- топырақ үлгілерін іріктеу;

- топырақтың көлемдік массасын анықтау;

- көпжылдық шөптер өсімдіктерінің тығыздығы және олардың сақталуы, көпжылдық шөптердің өсуі мен жетілуіне фенологиялық бақылау визуалды жүргізіледі, олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес өсімдіктер дамуының негізгі фазалары белгіленеді;

- жасыл массаның өнімін есепке алу 20 м<sup>2</sup> есептік алаңнан жүргізіледі;

- мал азығының химиялық құрамы зертханада жалпы қабылданған әдістемелер бойынша анықталады.

2015 жылға дейін тәжірибелік учаске дәнді-мал азықтық дақылдардың егісіне пайдаланылды. Топырақ жамылғысы қарапайым қара топырақты құрайды. Топырақтағы қарашірік мөлшері (топырақ түріне байланысты) 2,8-3,4%, жеңіл гидролизденетін азот 3,5-3,8 мг, жылжымалы фосфор 2,1-2,3, алмасатын калий 48-50 мг 100 г топыраққа шаққанда.

Тәжірибедегі еркекшөптерді өсіру агротехникасы АШҚазҒЗИ (1986 ж.) мал азығы өндірісі бөлімінің аймаққа ұсынылған ұсыныстары бойынша жүргізілді. Көпжылдық дәнді шөптердің тұқымдарын өндірудің энергия үнемдейтін сорттық технологиясын әзірлеу бойынша зерттеу объектісі ретінде еркекшөптің Бурабай жаңа сорты таңдалды. Егу 2017 жылы жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері.** Еркекшөптің онтайлы сабақ қалыңдығын қалыптастыру шөп пен тұқымның жақсы сапалы жоғары өнімін алуды қамтамасыздандырады, бұл көрсеткішке тиісті себу нормасын қолдана отырып қол жеткізуге болады. Себу нормасының мөлшерін 2-ден 14 млн. дейін өнгіш тұқымдарды 1 га-ға себу, еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында өсіп-өну ерекшеліктеріне әсер етті, осылайша тиісті өсімдік қалыңдығы мен оттылығының қалыптасуына себеп болды.

Еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында көктемгі көктеу фазасы барлық зерттелетін нормаларында бір мезгілде пайда болды. Келесі фазаларының өтуі себу нормасы ең жоғары нұсқалармен салыстырғанда ең төмен нормалы нұсқаларда шамалы ерте өтті: түтіктену фазасы 2 күнге, масақтану – 1-2 күнге. «Гүлдену – пісіп-жетілу» фаза аралық кезеңі жоғары себу нормалы егістіктерде қарқынды болды, нәтижесінде тұқымның толық пісуі себу нормасының шамасына қарамастан барлық егістіктерде бір мезгілде немесе жиілігі жоғары егістіктерде 2-3 күнге бұрын болды. Еркекшөп егістігінің қалыңдығы дәрежесінің әр түрлілігі өсімдіктердің топырақтан ылғалды пайдалануына біршама әсер етті. Еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында 2 млн. себу нормасымен егілген егістіктерде толық өсіп – өну кезеңінде топырақта 109 мм, масақтану кезеңінде - 49 мм ылғал қоры болды, ал себу нормасы 14 млн. егістіктерде ылғал қоры, тиісінше, 12 және 10 мм кем болды.

Тұқым себу нормасының жоғарылауы топырақтан ылғалдың көп тұтынуына ықпал етті, өйткені дақылдың жапырақ беті үлкен болып келетін тығыз сабақ қалыңдығы қалыптастырылды.

Өсу циклының үшінші жылғы еркекшөптің вегетациясының соңына қарай себу нормасы 2 млн. болған егістіктерде сабақтардың жалпы саны 1173 дана/м<sup>2</sup> құрады. Сабақтарының жиілігінің 1262 дана/м<sup>2</sup> дейін едәуір артуы норманы 6 млн-ға дейін көтерген егістіктерде байқалды, одан жоғары себу нормаларында бұл көрсеткіш елеусіз болды.

Пішен өнімділігінің құрылымын талдау нәтижелері келесідей болды: пішендегі жапырақтар үлесі 41,9-51,9%, масақтар үлесі - 13,3-21,2%, сабақтар үлесі – 34,8-36,9%. Пішендегі сабақтардың құрамы тұқым себудің әртүрлі нормалары кезінде аздаған диапазонда өзгерді.

Тұқым себу нормасының мөлшері шөптің өнімділік құрылымының элементтеріне және сонымен бірге өнімділік деңгейіне әсер етті. Еркекшөптің өсу циклының үшінші жылындағы ең жоғары өнімділік, орташа есеппен алғанда 35,9 – 37,8 ц/га, тұқым себу нормасы 2-4 млн. егістіктерден алынды (1 кесте).

1 кесте - Тұқым себу нормасына байланысты тіршілік циклының үшінші жылында еркекшөптің пішен өнімділігі (ц/га)

Себу нормасы, млн. дана/га	Өсу циклының үшінші жылы
2	37,8
4	35,9
6	34,0
m %	2,7
КМА 0,95	2,1

Себу нормасын 2 млн.-ға дейін азайтқан кезде пішен өнімділігі 1,9-3,8 ц/га артты. Себу нормасының пішен өнімділігіне әсер ету дәрежесі көп жағдайда ылғалдану жағдайларына байланысты болды. Қолайлы ылғалдылық мөлшері бойынша 2019 жылы құрғақ жазға дейін пішен өнімінің қалыптасуына тұқым себу нормаларының жоғары теріс әсері аз дәрежеде байқалды.

Тұқым себу нормасы шөптің химиялық құрамына белгілі бір әсер етті. Шөптің ең қоректік бөлігі – масақ пен жапырақтар, аз қоректік - сабақ, бұл туралы шөптің химиялық талдау нәтижелері куәландырады.

Масақтарда шикі протеин мөлшері жапырақтарымен салыстырғанда 4,79%-ға, шикі май - 0,98%-ға жоғары болды, ал клетчатка үлесі 2,1-ге кем (2 кесте). Себу нормасы 2 млн. егістіктерінде, басқа жоғары нормалармен салыстырғанда, пішен құрамында масақтардың үлесі жоғары болуының арқасында протеин мөлшері 3,58-4,19%-ға көп болды.

2 кесте - Тұқым себу нормаларына байланысты тіршілік циклының үшінші жылында еркекшөптің химиялық құрамы (абсолютті құрғақ затқа % - бен)

Себу нормасы, млн. дана/га	Шикі протеин	Шикі май	Шикі күл	Шикі клетчатка
2	14,84	2,05	5,06	26,37
4	11,67	1,92	4,47	25,64
6	12,15	1,87	4,80	25,93
Пішен бөліктері:				
жапырақтар	16,56	2,04	5,58	23,45
масақтар	21,35	3,02	4,48	21,44
сабақтар	12,11	0,97	2,66	27,70

Пішендегі май мөлшері сабақ тығыздығына байланысты болған жоқ және тәжірибенің әртүрлі нұсқалары бойынша 1,87-тен 2,13% аралығында ауытқыды. Себу мөлшері 2-6 млн. нұсқаларында еркекшөп пішеніндегі клетчатка үлесі 25,64-25,93% деңгейінде болды. Өсімдік жиілігі тығыз егістіктерінде сабақтар нәзік болғандықтан олардың құрамындағы клетчатка аз болған. Пішендегі минералдық элементтер үлесіне сабақ тығыздығының әсері байқалмады. Әртүрлі нұсқаларда пішен құрамындағы минералдық элементтердің үлесі келесідей болды: фосфор - 0,17-0,19%; магний - 0,16-0,29% шегінде болды; кальций - 0,36-0,44%, калий - 0,39-0,81%, натрий - 0,05-0,07%.

Сирек қалыптасқан пішенде өсімдіктердің дамуына және генеративтік мүшелерінің қалыптасуына қолайлы жағдайлар туындайды. 1 м<sup>2</sup> ең жоғары масақтанған сабақтар саны себу нормасы 2 млн. егістіктерде қалыптасты, еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында олардың саны 870 дана/м<sup>2</sup> құрады.

Еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында пішендегі генеративтік мүшелерінің саны вегетациялық кезеңдегі ауа райының жағдайына да байланысты болды. 2019 жылы себу нормаларының барлық нұсқаларында генеративті мүшелер саны бір деңгейде болды.

Себу нормалары жоғары егістіктермен салыстырғанда, төмен нормалы егістерде масақтары ірі болып келді. Себу нормалары төмен егістіктерде масақ ұзындығы 4,8 см құрады. Себу норманы 4 млн.-ға дейін ұлғайту, масақ ұзындығын 0,4 см қысқартты.

1000 тұқым массасы тәжірибе нұсқалары бойынша 2,21-2,37 г-ға тең болды. Бұл көрсеткіштің 2,37-ден 2,21-ге дейін төмендеуі себу нормасын арттыру кезінде байқалды, ал себу нормасын көтерген кезде бұл көрсеткіш 2,30 г-ға дейін жоғарылады. 1000 тұқым массасының бұндай тұрақсыздылығы 1 м<sup>2</sup> генеративті сабақтар санының аздығымен және олардың ассимиляциялық қоректік заттармен қамтамасыздандырылғанына байланысты болып табылады.

Репродукциялық мүшелерінің қалыптасуына ең қолайлы жағдай себу нормасы 2 млн. егістіктерде қамтылды, бұл егістіктердегі еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында тұқым өнімділігі 4,8 ц/га болды (3 кесте). Себу нормасын арттыру өнімділіктің 2,1 есе төмендеуіне әкеліп соқтырды. 2 млн. себу нормасына қарағанда себу нормасын 4 млн.-ға дейін көтеру тұқым өнімділігін айтарлықтай төмендетті.

3 кесте – Себу нормасына байланысты еркекшөптің тіршілік циклының үшінші жылындағы тұқым өнімділігі, (ц/га)

Себу нормасы, млн. дана/га	2019 ж.
2	4,8
4	4,0
6	3,6
m %	2,5
КМА 0,95	0,4

Қазіргі кездегі еркекшөп тұқымы бағасының жоғары болуына байланысты оңтайлы себу нормасын қатан сақтаудың маңыздылығы зор болып келеді.

Ағымдағы жылда еркекшөпті қатарлап себу тәсілі себу нормасы 2 млн. егістерде ең жоғары пайда түсірді – 45222,41 теңге (4 кесте). Себу нормасын 2 млн.-нан жоғарылату, тұқымдық материал шығындарының арта түсуіне байланысты, пайдалылықты, сонымен қатар пішен өнімділігін төмендетті. Өндірістік жағдайда жиі қолданылатын 6 млн. себу нормасының пайдалылығы, 2 млн.-ға қарағанда, 21%-ға төмен болды. Пішеннің 1 ц өзіндік құны себу нормасы 2 млн. егістіктерде 858,7 теңге құрады.

4 кесте – Тұқым себудің әр түрлі нормаларымен пішенге арналған еркекшөп егістігінің экономикалық тиімділігі

Себу нормасы, млн. дана/га	Өнімділік, ц/га	Шығындар, тенге/га	Пайда		1 ц пішеннің өзіндік құны, теңге	Рентабелдік деңгейі, %
			теңге/га	% бақылауға		
2	37,8	32469,35	45222,41	121	858,97	139
4	35,9	35768,31	40775,87	109	996,33	114
6 (бақылау)	34,0	38059,73	37395,54	100	1119,40	98

Рентабелдіктің жоғары деңгейі себу нормасы 2 млн. егістерде болды – 139%.

Еркекшөп егістіктерін тұқымға пайдалануда зерттелген барлық себу нормалары пайдалы болды. Бірақ, себу нормасы 2 млн. егістерде пайдалылық көрсеткіші ең жоғары болды - 142504,19 тг/га, себу нормасын көтеру пайдалылықты төмендетті (5 кесте).

5 кесте – Тұқым себудің әр түрлі нормаларымен тұқымға арналған еркекшөп егістігінің экономикалық тиімділігі

Себу нормасы, млн. дана/га	Өнім- ділік, ц/га	Шығындар, тенге/га	Пайда		1 ц пішеннің өзіндік құны, тенге	Рентабелдік деңгейі, %
			тенге/га	% бақы- лауға		
2	4,8	36406,99	71252,09	140	7584,78	195
4	4,0	42660,40	58018,14	114	10665,10	136
6 (бақылау)	3,6	48852,16	50806,24	100	13570,04	104

Себу нормасы 2 млн. егістерде 1 ц тұқымның өзіндік құны 7584,78 тенге құрады, ал себу нормасы жоғары болғанда, рентабелдік деңгейі төмен болды. Себу нормасын 2 млн.-нан жоғарылату тиімсіз болды, себебі барлық себу тәсілдерінде өнімділік төмендеді.

**Қорытынды.** Еркекшөп себу нормасына деген талабының төмендігімен ерекшеленеді, сабақ қалыңдығын өздігімен реттеу қабілеті өте жоғары болып келеді. 2 млн.дана/га өнгіш тұқым себу оңтайлы сабақ қалыңдығын және тұқым мен пішеннің жоғары өнімділігін қамтиды. Репродукция мүшелерінің дамуына қолайлы жағдай себу нормасы 2 млн. егістерде қалыптасқан, еркекшөптің өсу циклының үшінші жылында тұқым өнімділігі 4,8 ц/га құрады. Себу нормасын көтеру өнімділікті төмендетті. Еркекшөпті пішен мен тұқымға пайдалану кезінде себу нормасы 2 млн.дана/га экономикалық тиімді болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 14 февраля 2017 года № 420.
2. Юрченко, В.А. Технология возделывания житняка в Северном Казахстане // В.А. Юрченко, Ж.А. Каскарбаев. - Рекомендация. – 2013. – НПЦЗХ им. А.И. Бараева. – С. 4.
3. Алимаев, И.И. Кормопроизводство И.И. // Алимаев / Известия НАН РК. Серия аграрных наук. – 2011. – №1. – С. 31-34.
4. Сулейменов, М.К. Игнорирование животноводства - слабость казахстанского земледелия // М.К. Сулейменов. / ИА «Казах – Зерно». – 2013.12.04.
5. Айтуев, Ж.И. Житняк на северо-западе Республики. // Ж.И. Айтуев, С.Г., Чекалин В.С. Кучеров. / Вестник с-х науки Казахстана. Бастау, 12-2004. С.19-20.
6. Исмаилов, Б.И. Сорт житняка Толагай //Научное обеспечение устойчивого развития агропромышленного комплекса республики Казахстан, Сибири, Монголии и республики Беларусь. / Б.И. Исмаилов. -Алматы, Бастау, 2006, С.126
7. Чуманова, В.В. Современные проблемы видовой и сортового разнообразия трав // В.В. Чуманова. - Кормопроизводство, №3, 2004. С.10-07
8. Шамсутдинов, З.Ш. Селекция аридных кормовых растений для экологической реставрации деградированных аридных пастбищных агроландшафтов // З.Ш. Шамсутдинов и др. Кормопроизводство. - №1, 2004.
9. Переправо, Н.И. Агроэкологическое семеноводство многолетних трав // Н.И. Переправо, В.Н. Золотарев, В.М. Косолапов, В.Э. Рябова, В.И. Карпин, О.В. Трухан. - Методическое пособие. - М.: Издательство РГАУ – МСХА. – 2013. – 54 с.

#### РЕЗЮМЕ

Исследованиями была проведена комплексная оценка нового сорта житняка «Бурабай» при выращивании на семена и кормовые цели в условиях сопочно-равнинной зоны Северного Казахстана. При возделывании житняка на сено наибольшую урожайность дают широкорядные посевы с междурядьем 30 см, а также на семена более высокую урожайность обеспечивают широкорядные посевы с междурядьями 30 и 45 см. На основе полученных экспериментальных данных в целях наглядного представления о преимуществе и особенностях сортовой технологии производства семян нового сорта житняка Бурабай заложен демонстрационный

опыт в производственных условиях на 30 га в передовом хозяйстве ТОО «Викторовское» Зерендинского района Акмолинской области.

Экономическая оценка изучаемых приемов возделывания житняка на семена и корм показала, что на сено наибольшую прибыль с 1 га дали посевы житняка с нормой высева семян 2 млн. шт/га – 45222,41 тенге, себестоимость 1 ц сена составила 858,97 тенге и более высокий уровень рентабельности – 139%. При использовании посевов житняка на семена посевы с нормой высева 2 млн. имели большую прибыль – 142504,19 тенге с 1 га и себестоимость 1 ц семян составила 7584,78 тенге.

### RESUME

The research work comprehensive assessment of the new Burabay wheatgrass variety is carried out while growing seeds and fodder in the hump-plain zone of Northern Kazakhstan. While cultivating horticulture for hay, wide-row crops with 30 cm row spacing give the highest yield, and wide-row crops with 30 and 45 cm row-spacings provide higher productivity for seeds. Based on the obtained experimental data, in order to clearly illustrate the advantages and features of varietal technology for seed production, new varieties of Burabay horticulture is laid for a demonstration experience in production conditions on 30 hectares in the advanced farm of Victorovskoye LLP in Zerendinsky district of Akmola region.

An economic assessment of the studied methods of cultivating grain crops for seeds and fodder showed that the largest profit from 1 ha is given to grain crops with a sowing rate of 2 million pcs / ha - 45,222.41 tenge, the cost of 1 centner of hay is 858.97 tenge or more high level of profitability - 139%. When using wheatgrass crops for seeds, crops with a sowing rate of 2 million has a big profit - 142,504.19 tenge per 1 ha and the cost of 1 centner seeds is 7,584.78 tenge.

ӘОЖ 633.2.03 (574.11) : 628.11

**Онаев М.Қ.**, техника ғылымдарының кандидаты, доцент

**Ожанов Г.С.**, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты

**Денизбаев С.Е.**, ауылшаруашылық ғылымдарының магистрі

**Шадьяров Т.М.**, техника ғылымдарының магистрі

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЙЫЛЫМДЫҚ АЛҚАПТАРДЫ СУЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

### Аннотация

Азық-түлік қауіпсіздігін күшейту және оның өндірісін арттыру еліміздің алдында тұрған өзекті мәселе болып табылады. Қажетті азық-түлік өнімдерінің өндірісін ұлғайтудың басты бағыты мал шаруашылығын дамыту, яғни нарық қажеттіліктерін ет және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету үшін басым бағыттардың бірі болып саналады. Осы саланы дамытуда қазіргі заманғы технологиялық инфрақұрылымы бар және тиісті су қорларымен қамтамасыз етілген жоғары өнімді жайылымдық жерлерді құруды негіздейді.

Батыс Қазақстан облысындағы (БҚО) жайылымдарды суландыру көздері шахталы және құбырлық құдықтар, тоғандар, арналар, су құбырлары, өзендер мен көлдер болып табылады.

Мақалада Батыс Қазақстан облысының түрлі табиғи-ландшафтық аймақтарында жайылымдардың әлеуеті мен олардың жүктелу дәрежесі талданған.

БҚО-ның құрғақ далалық және шөлейт аймақтары шегінде жер асты су көздерінің пайдаланылу дәрежесі, жайылымдарды суландыруды мониторингілеу нәтижелері және жер үсті су көздерінің гидрологиялық көрсеткіштері келтірілген.

**Түйін сөздер:** Батыс Қазақстан, мал шаруашылығы, жайылым, суландыру, ашық су көздері, жер асты сулары, шахталы құдықтар, ұңғымалар, гидрохимиялық құрамы.

**Кіріспе.** Республикамыздағы ауылшаруашылық жерлерінің негізгі түрі жайылым болып табылады. Олар ауылшаруашылық жерлерінің 84,9% немесе 189 млн. га жерін алып жатыр.



Жайылымдардың жалпы алаңынан 116,9 млн. га жері немесе 61,6% суландырылған, 4,8 млн. га жері немесе 2,6% жақсартылған [1].

Батыс Қазақстан облысындағы агроөндірістік кешенді дамыту бағытында мал шаруашылығы басымдылық көрсетеді, себебі облыстың ауылшаруашылығындағы жалпы өнімінде мал шаруашылығы өнімінің үлесі жоғары. Сондықтан ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің азықтық базасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жер қорларын тиімді пайдалану, жоғары сапалы азықпен қамтамасыз ететін жоғары өнімді жайылымдық жерлерді құру және суландыру мәселесін шешу өзекті болып келеді.

Ауыл шаруашылығын дамыту үшін жеткілікті су мөлшері болған жағдайда жайылымды жоғары тиімділікпен пайдалануға болады. Шаруа қожалықтарында мал басының көбеюіне байланысты жаз кезінде отарлы мал шаруашылығы нүктелерінде ауыз суға деген тұтынушылық ұлғая түседі, сондықтан тұтынушыларды сумен қамтамасыз ету мәселесі маңызды болып қала береді және басқа ауыл шаруашылық саласымен салыстырғанда жайылымды суландыру мен игеруге жұмсалған капиталдық салымдар екі есе жылдам қайтарылады [2].

Уландыру сұрақтарының ойдағыдай шешілуі су тұтыну мөлшеріне және мал ішуге жарамды жер үсті және жер асты суларының болуына тікелей қатысты. Су тұтыну көлемі жайылымдағы жануарлардың жайылу уақытына және малдың әр түрінің суды тұтыну мөлшерімен есептеледі. Малды бағу мерзімі климаттық жағдайларға, шөптесіннің өнімділігіне және оның уақытын дұрыс пайдалануға байланысты [3, 4].

Сумен қамтуды механизациялау үш негізгі тапсырманы шешеді, яғни белгілі бір жағдайда бағылатын малдың санын көбейтуге, өнімділігін арттыруға және малды сумен қамтамасыз ететін қызметшілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жер асты суларын игеру тиімділігін арттыру әрқашанда өзекті болып келді. Сондықтан сулы қабаттардың гидродинамикалық сипаттамаларын пайдалануға негізделген, ұңғымаларды төсеу саласында физикалық әсерлер мен жетістіктерді қолдану мәселелерін түбегейлі сапалы шешу қажет [5].

Қазіргі уақытта еліміздегі отарлы мал шаруашылығының негізгі мәселесі су көздерімен қамтамасыз ету болғандықтан, отарлы мал шаруашылығы нүктелерінде жер үсті және жер асты суларымен қамтамасыз етілуін зерттеуді талап етеді.

**Зерттеу мақсаты:** Батыс Қазақстан облысының құрғақ далалы және жартылай шөлейтті аймақтарындағы орналасқан отарлы мал шаруашылығы жайғасқан орындардағы суландыру су көздерін зерттеу.

**Зерттеу әдістері мен материалдары:** Жайылымдық жерлер бойынша диалектикалық әдіс, статистикалық мәліметтерді топтастыру және талдау әдістері қолданылды. Мәліметтердің дәлдігін арттыру үшін жүйелі тәсіл және жүйелі талдау әдістері пайдаланылды. Су көздерінің орналасу дәрежесі мен алаңдарын талдау үшін аналитикалық, салыстырмалы – графикалық, қашықтан зондтау әдісі арқылы мәліметтерді өңдеу жүргізілді. Алға қойылған тапсырмаларды шешу мақсатында Батыс Қазақстан облысындағы су қорлары және оларды жайылымдағы сумен қамтамасыз етуді пайдалану туралы ақпараттар жинау, ашық және жер асты су көздерінің сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін химиялық талдау үлгісін алу, су көздерінің төл құжаттарын жасау үшін материалдарды талдау мен жүйелеу және оларды аймақтарға бөлу, суландырылған жайылымдардың инфрақұрылымының қазіргі жай-күйін бағалау, суландыру құрылыстарын жөндеу және пайдалану саласындағы техникалық мәселелер анықталды.

Нақты географиялық нүктелеріндегі су көздеріне іс жүзіндегі жай-күйін анықтауда сандық-сапалық параметрлеріне мониторинг жүргізілді.

Есепті кезеңде географиялық координаттарды тіркелді, жалпы түрі фотоға түсірілді, электрмен қамтамасыз ету, шахталы және ұңғыма құдық дебиті, тереңдігі, статистикалық және динамикалық су деңгейі, ұңғыма бағанасының диаметрі, судың минералдануы зерттелді.

Батыс Қазақстан облысының жайылымдық жерлерін сумен жабдықтау көздері: суландырудың табиғи түрлері өзендер мен көлдер; жасанды түрлері арналар мен тоғандар және ұңғымалар мен шахталық құдықтар зерттелді.

**Зерттеу нәтижелері.** Алдын ала жоспарланған мақсаттар мен тапсырмаларға сай, барлығы 387 құдықтар мен 301 ұңғымалар және 80-нен астам ашық көздер түрінде арналар мен тоғандар зерттелді (1 кесте). Есепке елді мекендердің аумағында орналасқан және ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтуға арналған су көздері енгізілмеген. Сондай-ақ өзендер, көлдер және тоғандар мен каналдар түріндегі суландырудың ашық көздері қосылмаған, олар туралы ақпарат авторлардың соңғы 10 жылдағы зерттеулерінде, тиісті есептер мен жарияланымдарында келтірілген [6].

1 кесте – Облыс аймақтарындағы құдықтар мен ұңғымалардың жиынтық мәліметтері

Аймақтар	Саны, дана	Тереңдігі, м	Өлшемі, мм	Дебиті, дм <sup>3</sup> /с	Минерализациясы г/дм <sup>3</sup>
<b>Құдықтар</b>					
Құрғақ далалы	80	2,6-21,58	0,6-2	0,027-1,98	0,28-11,85
Жартылай шөлейтті	212	2,9-22,5	1,0-4,0	0,01-2,7	0,17-16,59
Шөлейтті	95	1,8-13	0,36-3,2	0,02-1,46	0,16-9,52
Барлығы	387				
<b>Ұңғымалар</b>					
Құрғақ далалы	166	8,0-120,0	40-219	0,05-4,0	0,22-11,5
Жартылай шөлейтті	130	12,0-91,0	113-219	0,16-2,8	0,2-27,4
Шөлейтті	5	18,0-60,0	101,5-125	0,8-1,7	0,22-4,0
Барлығы	301				

Кестеде келтірілгендей, отарлы мал шаруашылығы пункттерінде зерттелген жер асты су көздерінің ішінен 387 (54 %) шахталық құдықтарды және 301 (46 %) ұңғымаларды құрайды. Сондай-ақ, зерттелген 387 құдықтардың 9%-ы пайдалануға жарамсыз, олардың 1%-ға жуығы шахталық құдықтар (қираған) жұмыс істемейтін жағдайда, 2% құдықтар еріген суларымен басылған және 6% құдықтар апаттық жағдайда тұр. Аймақтар бойынша құдықтар мен ұңғымалардың бөлінуі келесі 1 – суретте келтірілген.



1 сурет – Құдықтар мен ұңғымалардың аймақтар бойынша бөлінуі

Құдықтардың бұзылуының негізгі себебі шахталық құдықтарды жайластыру бойынша нормалар мен талаптарды сақтамау болып табылады. Қақпақтардың болмауы және құдықтардың ашық күйде болуы су көздерінің бітелуіне және пайдалануға жарамсыз болуына әкеліп соғады.

Техникалық параметрлер бойынша жабдықтардың құрылымы және шахта құдықтарының қабырғаларын бекіту әртүрлі - негізінен түрлі диаметрлі бетон, темір құбырлар, көлік және трактор дөңгелектері, түрлі диаметрлі бөшкелер, ағаш тақтайлар, түрлі шпалдар және қамыстан жасалған тақталар. Ұңғыма жабдықтарының құрылымы негізінен әр түрлі диаметрлі: 40 мм-ден 219 мм-ге дейінгі металл құбырлар мен соңғы жылдары қолданылатын диаметрлі 116-125 мм пластикалық полихлорвинилді (ПХВ) құбырлар.

Отарлы мал шаруашылығы пункттерінің 75% - ға жуығы суды көтеру үшін сорғыштардың әр түрлі түрлерін қосқанда қазіргі заманғы қондырғылармен жабдықталған, оның ішінде шаруа қожалықтарының 9% - ы суды құдықтан қолмен көтереді.

Су көздерінің гидрохимиялық талдауы көрсеткендей, құрғақ дала аймағында суландыру көздерінің 55%-ында су сортаңды, тұщы су көздерінің саны 41%-ды құрайды, тұзды су (4%) бірлі-жарым кездеседі. Кейбір ұңғымалар мен шахталық құдықтардың тұщы сулары аммоний, кальций және магний иондарынан тазартуды және әлсіз тұзды көздердің 32% сүзу мен тұщылауды қажет етеді. Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша тұщы шахталық құдықтар мен ұңғымалардың суы жайылымдарды суландыру көздеріне қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Минералдану дәрежесі бойынша жартылай шөлейтті аймақты суландыру көздерінің 34% тұщы, 61% - ащы, 4% - тұзды және 1%-ті өтпелі, ал шөлді аймақты суландыру көздерінің 53%-да тұщы, 47%-да ащы болып сипатталады.

Зерттелген отарлы мал шаруашылығындағы су көздерінің техникалық жай-күйін талдау көрсеткендей, электр желісі жақын орналасқан елді мекендерде электрмен жабдықтау жалпы электр тізбегінен беріледі. Мұндай нүктелерде ұңғымалар мен құдықтардан суды шығару үшін тереңдік, дренаждық және фекальдық электр сорғылары қолданылады. Электр қуаты жоқ пункттерде бензинді генераторлар, ал суды көтеру үшін бензинді мотопомпалар, ЗИД бензинді моторы бар таспалы су көтергіштер қолданылады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында су көздерімен қамтамасыз етуде – ұңғымаларды бұрғылау және электр қуатымен қамтамасыз ету, күн батареяларын орнату, шағын жел электр станциялары бойынша шаруа қожалықтарын субсидиялау жүргізілуде (2 сурет).



2 сурет - Шаруа қожалықтарындағы ұңғымалар мен құдықтарды электр қуатымен қамтамасыз ететін күн батареялары

Отарлы мал шаруашылығы пункттерін мониторингілеу барысында 61 шаруа қожалығы күн батареяларын (панельдерді) және тәулік бойы электр энергиясымен қамтамасыз ететін барлық жинақтаушы элементтері бар шағын жел станцияларын орнатып, жасыл генерацияның осы түрімен жабдықтаған. Шалғайдағы мал шаруашылығы пункттерін осындай электр қуатымен толық қамтамасыз ету шаруалардың әл-ауқатын көтеріп қана қоймай, экологиялық және экономикалық жағынан тиімді болып келеді.

Жайылымдарды суландыру үшін Батыс Қазақстан облысының жергілікті су арналары мен өзендерінен салынған ірі суару-суландыру бассейндер жүйесі маңызды рөл атқарады, олардың ішіндегі ең ірілері Жайық өзені, Үлкен Өзен, Кіші Өзен, Өлеңті, Қалдығайты, Бұлдырты өзендері болып табылады. Облыс аумағындағы өзендердің бөлінуі біркелкі емес, олар ағынды қар суларынан жинақталады. Осы гидрологиялық тұрғыдан алғанда БҚО-дағы су ағындары үшін жылдық ағысының көлемі айтарлықтай өзгергіштігімен сипатталады [7].

Шаруа қожалықтары ұңғымалар мен құдықтардан басқа, тереңдігі 3 метрге дейін тереңдікте жасанды су тоғандарын (бассейндер) жасаған (3 сурет).



3 сурет - Су жинауға арналған жасанды құрылған тоған (копандар)

Жылдың көктемгі мезгілінде Жайық өзеніндегі судың деңгейі көтерілгенде Ақжайық, Казталов және Жәнібек аудандарының суару арналарына су беріледі, дәл осы уақытта шаруа қожалықтары жаздың ортасына дейін, кейде қыркүйек айына дейін жететін су қорын жинақтайды.

Құдықтардың құрылымын талдау көрсеткендей, облыс бойынша тексерілген құдықтардың жалпы санынан 319-ы (82 %) шахталық және 68-і (18 %) шеген құрағанын көрсетті. Егер географиялық орналасуы бойынша есептейтін болсақ, онда құрғақ дала аймағында 12%, жартылай шөлейтті аймақта 34% және шөлейтті аймақта 54% құдықтар бар. Құрғақ далалы және жартылай шөлейтті аймақтарда – диаметрі 0,9 – 1,2 метр дөңгелек темірбетонды құрылымды және шахталық құдықтар, көпшілігі тазатуды қажет етеді. Шөлді аймақта негізінен құдықтар қазылған және ағашпен (тақтайлармен) бекітілген, сондай-ақ қабырғаларын нығайту үшін көлемі 20 тоннаға дейінгі металл бөшекелерді пайдаланатын құдықтар да кездеседі (4 сурет).



4 – сурет Метал бөшекелермен бекітілген құдықтар

Негізінен зерттелген құдықтар аз дебитті, яғни құдықтардағы су статикалық деңгейге дейін әлсіз толады. Құдықтың толу уақыты 5-тен 24 сағатқа дейін. Мал басына және түріне байланысты шаруа қожалықтарының иелері (28 %) жайылымдық мал шаруашылығының бір пунктінде әр түрлі тереңдікте 4 құдыққа дейін қазады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қолданыстағы су көздеріне мониторинг жүргізу барысында, су көздерінің жалпы санынан 56%-ы ашық түрдегі құдықтарды құрайды, оның ішінде шахталық құдықтар - 82% темірбетон ( $\varnothing$  0,9 - 1,2 м) және металл конструкциялы ( $\varnothing$  1,5 - 3,2 м) және 18% шетен құдықтар, яғни құдықтың қабырғалары тақтайлармен немесе өрілген шыбықтармен бекітілген (1,0 x 1,0 м - 2,5 x 2,5 м).

Құдықтардың техникалық жай-күйіне талдау жасай отырып, олардың көпшілігі жақсы жағдайда (75%), яғни қақпақтары бар, қоршалған, қалқанмен жабдықталған, таза суарылатын астаушалары бар деген қорытынды жасауға болады. Тексерілген құдықтардың жалпы санынан (16%), қанағаттанарлықсыз жағдайда қоршалмаған, суару алаңдары мен астаулары ішінара бұзылған.

Құдықтар мен ұңғымаларды су басуының себептері, шаруа қожалықтарының иелері құдықтарды қазу және ұңғымаларды бұрғылау кезінде бұрын су қоймалары мен өзен арналары болған жерлерді таңдайды, соның салдарынан көктемгі қар суы еруі және жауын-шашынның мол түсуі кезінде осы су көздері су астында қалады. Олар уақытымен тазартылып және тиісті қызмет көрсетілмегенде (жөндеу), құдықтардың апаттық жағдайына әкеліп соғады.

Мониторингілеу барысында шөлді аймақтарда әлі күнге дейін суды ұңғымадан көтеру үшін МТЗ маркалы тракторының компрессорын қолданатыны анықталды. Жер асты су көзінен суды көтеруге арналған қазіргі заманғы жабдықтардың (сорғылардың) болмауы шаруашылықтардағы мал басының аздығынан болып отыр.

Облыс бойынша зерттелген ұңғымалардың көпшілігінде шегендеу құбыры ретінде диаметрі 40 – тан 219 мм-ге дейінгі металл құбырларды пайдаланылған, бірақ соңғы жылдары диаметрі 116-125 мм пластикалық құбырларды жиі қолдана бастады (5 сурет) .

Жалпы алғанда 6 шаруашылықта (2%) суды астауларға көтеру үшін компрессорлар қолданылады, ал қалғанғандары (98%) өнімділігі әртүрлі электрлік тереңдік сорғыларды пайдаланады.



5 сурет – Металл және пластмассалы шегендеу құбыры бар ұңғымалар

Ұңғымаларға мониторинг жүргізу кезінде кейбір қожалықтарда ұңғымалар ақаулы күйде (терең сорғыштарды бекіту сымдары үзілген) анықталды. Облыс бойынша 9%-ға жуық ұңғымалар судың жоғары минералдануына байланысты және басқа да себептермен пайдаланылмайды.

Су көздерінің жабдықталуы бойынша зерттеу жүргізе отырып, шалғайдағы мал шаруашылығының зерттелген пункттерінің 75%-ы құдықтар мен ұңғымалардан суды көтеру

бойынша қазіргі заманғы құрал – жабдықтармен (тереңдік сорғылар – 49 %, дренаждық сорғылар - 45 %, фекалды сорғылар - 6%) қамтылған, шаруа қожалықтарының 10%-ы қазіргі заманғы бензиндік мотопомпаларды пайдаланады, ал 5%-ы суды таспалы су көтергіштің көмегімен көтереді және шаруа қожалықтарының 10%-ы ғана суды құдықтан қолмен, шелектер мен жіптердің көмегімен көтереді. Бұл 10%-ы шағын мал басы бар шаруа қожалықтары немесе тек ауыл шаруашылығы малын жаңадан өсіре бастағандар. Соңғы жылдары жайылымдарды суландыруда көпшілігі үшін аймақтарына тән тереңдігі 25-35 метрлік бұрғыланған ұңғымалар санының өсуі байқалады. Облыс аумағы бойынша жер асты суларының қорлары біркелкі бөлінбеген, минералдану деңгейі мен сулы қабаттардың су сыйымдылығы әртүрлі болып келеді.

**Қорытынды.** Отарлы мал шаруашылығын қарқынды дамыту үшін жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану бойынша шаралар қабылдап, оларды су қорымен қамтамасыз етуге қазіргі заманғы технологиялық инфрақұрылымды құру керек. Зерттеу көрсеткендей, БҚО-ның құрғақ далалы аймағы үшін жайылымдарды суландыруға өзендер, арналар, тоғандарды қамтитын ашық су көздерін пайдаланған дұрыс. Шөлейтті аймақтардағы жайылымдарды суландыру негізінен жер асты суларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Аумақтардағы іргелес жайғасқан жайылым орындарында суландыру мен суару жүйесін қамтамасыз ету мәселесі тоғандар мен суару алаңдары бар құрылыстарды салу арқылы шешіледі. Бұл шешім үздіксіз қажетті судың сапасын ұстауға байланысты, әрі тұтынушылар үшін іс жүзінде ақталған және экономикалық тиімді болып табылады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Еркінбаева Л.К. Правовые проблемы использования пастбищных ресурсов в Республики Казахстан // Аграрное и земельное право. – 2009. - № 6(54). – С. 138-142.
2. Кушнир В.Г. Повышение эффективности систем механизированного водоснабжения пастбищ: монография. - М.: Колос, 2008. – 160 с.
3. Мендыбаев Т.Н., Смашов Н.Ж. Методы и средства освоения месторождений подземных вод принудительным самоизливом // Новости науки Казахстана. – 2014. - № 1 (119). – С. 115-122.
4. Мухамеджанов М.А., Макъжанова А.Т., Кулагин В.В. Обоснование и определение перспективных объектов по использованию подземных вод для орошения земель, кормопроизводству и обводнению пастбищ Казахстана // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Алматы. – 2017. - № 3. – С. 72-81.
5. Курганов А.М., Вуглинская Е.Э. Водозаборы подземных вод. - СПб. – 2009. – С.41-45.
6. Онаев М.К. Мелиоративная оценка водных и земельных ресурсов Приуралья. – Уральск: ЗКАТУ, 2014. – 165 с.
7. Онаев М.К. Источники воды для мелиоративных целей. - Уральск: ЗКАТУ им. Жангир хана, 2012. – 81 с.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье проанализированы потенциал пастбищных угодий по различным природно-ландшафтными зонам территории Западно-Казахстанской области и степень их загруженности. Приведены результаты мониторинга источников обводнения пастбищ, гидрологические показатели поверхностных и подземных водных источников, степень использования подземных источников воды в пределах сухостепной, пустынной и полупустынной зон ЗКО. Даны результаты гидрохимических показателей воды источников обводнения мест дислокаций отгонного животноводства.

#### **RESUME**

The article analyzes the potential of pasture lands in various natural and landscape zones of the territory of the West Kazakhstan region and the degree of their workload. The results of monitoring of pasture irrigation sources, hydrological indicators of surface and underground water sources, and the degree of use of underground water sources within the dry-steppe, desert, and semi-desert zones of the WKO are presented. The results of hydrochemical indicators of water sources for watering places of dislocations of distilled cattle are presented.

УДК 631.58: 631.8

Сомова С.В.<sup>1</sup>, старший научный сотрудник

Тулаев Ю.В.<sup>1</sup>, заведующий лабораторией

Тулькубаева С.А.<sup>1</sup>, кандидат сельскохозяйственных наук

Абуова А.Б.<sup>2</sup>, доктор сельскохозяйственных наук РФ

<sup>1</sup>ТОО «Сельскохозяйственная опытная станция «Заречное», Костанайская область,

Костанайский район, с. Заречное, Республика Казахстан

<sup>2</sup>НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», г. Уральск, Республика Казахстан

## **РЕЗУЛЬТАТЫ ВНЕДРЕНИЯ ЭЛЕМЕНТОВ ТОЧНОГО ЗЕМЛЕДЕЛИЯ В ТОО «ТРОЯНА»**

### **Аннотация**

Практика ведения сельского хозяйства в Казахстане доказала необходимость внедрения прогрессивных технологий, признанных и успешно применяемых во всем мире. Поэтому сегодня актуальна проблема реформирования аграрного комплекса страны, внедрения экономических технологий, способствующих повышению плодородия почв и получению стабильных урожаев при минимальных затратах. Важнейший этап перехода к точному земледелию – это оценка пространственной неоднородности полей и расчет доз дифференцированного внесения удобрений. В 2019 г. учеными ТОО «Сельскохозяйственная опытная станция «Заречное» на полях ТОО «Трояна» (Костанайская область, Федоровский район, село Пешковка) проведены мероприятия по внедрению элементов точного земледелия. На опытном поле для оценки исходного состояния почвы по содержанию основных элементов минеральной пищи до посева определено содержание азота нитратного (N-NO<sub>3</sub>), подвижного фосфора (P<sub>2</sub>O<sub>5</sub>), обменного калия (K<sub>2</sub>O) и подвижной серы (S) в слое 0-30 см. В соответствии с данными картограммы распределения подвижных форм фосфора внедрена методика припосевного дифференцированного внесения удобрений. Кроме того, в условиях 2019 г. на полях ТОО «Трояна» произведены бинарные посевы: «пшеница + горох»; «пшеница + лён + горох»; «пшеница + лён». Урожайность основной культуры – пшеницы, выращенной при способе высева бинарных посевов, в составе с горохом составила 15,4 ц/га. Наиболее оптимальные показатели качества зерна пшеницы отмечены в бинарном посеве с горохом и льном: содержание белка составило 17,8%, клейковины – 38,4%.

***Ключевые слова:** точное земледелие, яровая пшеница, агрохимическое обследование почвы, внутривидовая вариативность плодородия, дифференцированное внесение удобрений, бинарный посев, урожайность, качество зерна.*

**Введение.** Точное земледелие – это стратегия, которая использует детальную информацию для точного управления ресурсами, вложенными в производство сельскохозяйственной продукции. Она применяется в управлении конкретным участком в растениеводстве и в целом на сельскохозяйственном предприятии. Идея базируется на получении знаний характеристик почвы и урожая, уникальных для каждой части поля и в оптимизации вложений в небольшой его участок. Философия точного земледелия заключается в том, что производственные вложения (семена, удобрения, химикаты и др.) следует применять только по мере необходимости и на заданном участке.

Сельхозтоваропроизводители должны быть заинтересованы во внедрении технологий точного сельского хозяйства. Прецизионные методы ведения сельского хозяйства могут улучшить экономическую и экологическую устойчивость растениеводства. В современном сельском хозяйстве производители склонны обрабатывать каждое поле как единое целое, при этом они часто признают изменчивость на отдельных участках, но не управляют этими изменениями [1, 2].

В результате производители принимают управленческие решения при средних условиях, надеясь, что вложенных ресурсов будет достаточно для большей части поля. Для точности в сельском хозяйстве используются информационные технологии сегментации поля в более мелкие единицы и определение для каждой единицы индивидуальных характеристик.

При этом производители могут применять свои ресурсы в точном месте и в точном количестве, необходимым для максимальной прибыльности урожая [2, 3].

Дифференцированное внесение удобрений позволяет восполнить недостаток питательных веществ именно на тех участках поля, где это необходимо и при этом не повысить содержание элементов питания выше оптимальных значений на тех участках, где его находится в достаточном количестве. Применение этой технологии позволяет не только выровнять пестроту распределения элементов питания в границах одного поля, но и повысить урожайность сельскохозяйственных культур за счет создания оптимального режима питания [4, 5].

На сегодняшний день одним из способов остановки деградации почв и восстановления плодородия является система бинарных посевов (зерновых, пропашных и бобовых культур). Теоретическая основа бинарного посева такова. В отличие от монокультурных полей в природе не бывает отдельно растущих злаковых или бобовых – всё растёт в цинозе. Корневая система проникает на разную глубину, изменяется вынос элементов питания, характер поражения болезнями. Благодаря клубеньковым культурам бобовых растений можно фиксировать азот в почве, что снижает количество используемых удобрений на (25-30%), разная глубина прорастания корневой системы обеспечивает большее количество органических остатков, а значит и больше вещества, которое превратится в гумус. Также существенным плюсом является то, что периоды максимального поглощения питательных веществ из почвы у растений злакового и бобового компонентов не совпадают по времени. Это снижает их конкуренцию за элементы питания и способствует более полному использованию почвенного плодородия без его истощения [6].

У технологии бинарного посева, как и у любой другой технологии в земледелии, есть свои сложности: процесс выращивания в хозяйстве должен строго контролироваться, любое нарушение может свести на нет все усилия аграриев, много зависит от сортов растений, подбора гербицидов, чтобы немного сдерживать рост бобовых, давая «фору» зерновым. Необходимо уметь использовать средства защиты растений, чтобы сохранить и зерновую и бобовую культуру. Технология не получила широкого применения, но хозяйства, которые освоили бинарные посевы, получают прекрасные урожаи, к классической схеме уже не возвращаются. Одним из объяснений такого положения дел является консерватизм аграриев, сложности перестройки всей модели хозяйственной деятельности и риски с нею связанные [7].

Следует отметить, что исследование и разработка технологии бинарных посевов являются перспективными, а внедрение их в производство будет одной из эффективных мер по поддержанию плодородия почвы и повышения урожайности с.-х. культур с максимальным сокращением применения средств химизации.

**Материалы и методы.** Отбор почвенных образцов осуществляется с помощью мобильного пробоотборника, руководствуясь техническим заданием в системе координат, с использованием планшета или специального GPS-приёмника. Глубина отбора согласно методических указаний в условиях производства, как правило, составляет 20-30 см, однако поскольку установленные градации обеспеченности элементами питания привязаны к слоям 0-20 и 20-40 см, то и глубину агрохимического обследования стоит устанавливать на 0-20 см.

После отбора смешанных образцов с каждого элементарного участка пакеты с почвой сдаются в агрохимическую лабораторию для проведения соответствующих анализов.

Дифференцированное внесение удобрений производилось посевным комплексом Bourgault (Канада), который специально для этого был доукомплектован электрическим актуатором и НК «Агронавигатор-дозатор».

**Результаты и обсуждение.** В 2019 г. на полях ТОО «Трояна» (Костанайская область, Федоровский район, село Пешковка) проведены мероприятия по внедрению элементов точного земледелия – дифференцированное внесение удобрений под посев вики, яровой пшеницы и трёх комбинаций бинарных посевов («пшеница + горох»; «пшеница + лён + горох»; «пшеница + лён»).

На опытном поле для оценки исходного состояния почвы по содержанию основных элементов минеральной пищи до посева нами определено содержание азота нитратного ( $\text{N-NO}_3$ ), подвижного фосфора ( $\text{P}_2\text{O}_5$ ), обменного калия ( $\text{K}_2\text{O}$ ) и подвижной серы (S) в слое 0-30 см (рисунок 1).






Рисунок 1 – Карта-схема отбора образцов с выделением элементарных участков площадью 10 га. Общая площадь обследуемого полигона под посев яровой пшеницы – 100 га

Результаты агрохимического обследования полей в ТОО «Трояна» за 2019 г. приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Содержание основных элементов питания в слое почвы 0-30 см перед посевом, 2019 г.

Элементарный участок	Содержание, мг/кг почвы			
	N-NO <sub>3</sub>	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	K <sub>2</sub> O	S
1	6,3	47	149	5,3
2	6,7	71	133	4,6
3	4,6	58	132	8,6
4	6,4	101	224	8,7
5	4,7	76	199	3,3
6	5,4	79	260	3,7
7	5,4	108	480	2,6
8	10,6	117	323	6,0
9	3,6	113	164	7,1
10	8,4	108	160	7,0
V	32,8	28,2	49,1	37,9

Если принять во внимание, что оптимальное содержание N-NO<sub>3</sub> не менее 10-15 мг/кг почвы, то по данным 2019 г. исследуемый участок, перед посевом имел низкую обеспеченность нитратами в слое 0-30 см (4,9-7,7 мг/кг почвы).

Анализируя содержание подвижного фосфора в почве, стоит отметить следующее – только 10% участков имели низкий уровень обеспеченности данным элементом (10 мг/кг почвы). На остальных участках отмечена средняя и повышенная степень обеспеченности фосфором.

Содержание обменного калия на всех участках характеризовалось как повышенное и высокое, т.е. нехватки по количеству данного элемента в почве не было.

Наиболее интересные данные были получены по содержанию подвижных соединений серы. 40% участков имели содержание от 3 до 5 мг/кг почвы, что соответствует низкой степени

обеспеченности. Остальные 60% исследуемого участка имели средний уровень обеспеченности.

Таким образом, в результате проделанной работы нами выделены несколько групп участков в зависимости от обеспеченности растений подвижным фосфором:

- первая группа – низкое содержание подвижного фосфора, в неё вошел участок №1;
- вторая группа – среднее содержание подвижного фосфора, участки № 2; №3; №5 и №6;
- третья группа – высокое содержание подвижного фосфора, в неё вошли участки №4; №7; №8; №9 и №10.

Опираясь на данные агрохимического обследования, стоит сделать вывод, что для практического использования технологий дифференцированного применения удобрений необходимо точное определение особенностей внутрипольной вариабельности почвенного плодородия. На основании этого в дальнейшем появляется возможность построить схему минерального питания растений, лимитирующую продуктивность растения. Показано, что площадь внутрипольных участков с различным содержанием гумуса, подвижных форм фосфора, обменного калия и подвижных соединений серы имеют неоднородное распределение внутри одного поля.

В ТОО «Трояна» в соответствии с данными картограммы распределения подвижных форм фосфора по состоянию на 2019 г. была внедрена методика припосевного дифференцированного внесения удобрений.

Разработка карт-заданий дифференцированного внесения осуществлялась для азотно-фосфорного удобрения аммофос в его физическом весе под пшеницу при посеве в соответствии со следующей шкалой обеспеченности почв подвижным фосфором по Чирикову (таблица 2).

Таблица 2 – Дозы аммофоса для дифференцированного внесения на опытном поле ТОО «Трояна» в соответствии с их обеспеченностью подвижным фосфором

Степень обеспеченности почв подвижным фосфором по Чирикову, мг/кг	Доза аммофоса в физическом весе, кг/га
Очень низкая и низкая (< 50,00)	87
Средняя (50,01-100,00)	66
Повышенная, высокая и очень высокая (> 100,00)	44

С целью установления эффективности внесения удобрения на участках с разной степенью обеспеченности были установлены контрольные участки, на которых удобрения не вносились (рисунок 2).



Рисунок 2 – Создание карты-задания для дифференцированного внесения фосфорных удобрений в программе «Google Планета Земля» на примере полей ТОО «Трояна»

Отработана технология дифференцированного внесения удобрений с использованием навигационного комплекса «Агронавигатор-дозатор» в условиях ТОО «Трояна». Все работы по

калибровке комплекса и подготовке карт-заданий осуществлялись согласно инструкции «Дополнению к руководству пользователя НК «Агронавигатор плюс».

Кроме того, в условиях 2019 г. на полях ТОО «Трояна» произведены бинарные посевы: «пшеница + горох»; «пшеница + лён + горох»; «пшеница + лён». Определена структура урожая с.-х. культур, посеянных в данных комбинациях, определена их урожайность и качество зерна пшеницы в бинарных посевах.

Оценивая структурные показатели, стоит отметить высокую продуктивность пшеницы в посеве с горохом (таблица 3).

Таблица 3 – Элементы продуктивности растений, 2019 г.

Вариант	Густота стояния, шт./м <sup>2</sup>	Вес зерна с одного растения, г	Масса 1000 зерен, г
Пшеница + горох	72,0	2,14	39,8
	22,7	1,04	137,2
Пшеница + лён	88,0	1,20	25,9
	48,0	0,60	5,7
Пшеница + горох + лён	57,3	1,10	32,6
	13,3	1,80	194,9
	64,0	0,70	6,3

В бинарном посеве «пшеница + горох» масса 1000 зерен пшеницы показала наилучший показатель среди всех бинарных посевов (39,8 г). При этом основной результат был получен в результате фактической уборки.

Учет урожайности с.-х. культур, возделываемых в бинарных посевах, проводился методом отбора сноповых проб (таблица 4).

Таблица 4 – Урожайность с.-х. культур, возделываемых в бинарных посевах, 2019 г.

Культура	Урожайность, ц/га
Пшеница + горох	15,4
	2,4
Пшеница + лён	10,6
	2,9
Пшеница + горох + лён	6,3
	2,4
	4,5

Рассматривая урожайность с.-х. культур, возделываемых на опытном участке в условиях 2019 г., стоит отметить следующее. Урожайность основной культуры – пшеницы, выращенной при способе высева бинарных посевов, в составе с горохом составила 15,4 ц/га, что выше урожайности гороха на 13,0 ц/га.

Вся продукция, полученная при различных посевах, была оценена по качеству (таблица 5).

Таблица 5 – Показатели качества зерна пшеницы в бинарных посевах, 2019 г.

Вариант	Протеин, %	Клейковина, %	Натура зерна, г/л	Класс качества
Пшеница + горох	16,7	35,8	770	высший
Пшеница + лён	16,7	36,2	760	высший
Пшеница + горох + лён	17,8	38,4	771	высший

Оценивая содержание белка в зерне пшеницы, стоит отметить наиболее высокое его содержание в бинарном посеве с горохом и льном (17,8%). В этом же варианте посева и клейковина находилась на высоком уровне (38,4%).

**Заключение.** Таким образом, в 2019 г. в условиях ТОО «Трояна» проведены мероприятия по внедрению элементов точного земледелия – дифференцированное внесение минеральных удобрений под посев вики, яровой пшеницы и трёх комбинаций бинарных посевов. По результатам агрохимического обследования почвы в слое 0-30 см на опытных полях ТОО «Трояна» выявили низкую обеспеченность нитратами (4,9-7,7 мг/кг почвы);

среднюю и повышенную степень обеспеченности подвижным фосфором на 90% участков (10 мг/кг почвы); повышенное и высокое содержание обменного калия на всех участках; низкое содержание подвижных соединений серы – на 40% участков (3-5 мг/кг почвы), остальные 60% – средний уровень обеспеченности.

По результатам агрохимических исследований составлены технические задания для навигационного комплекса «Агронавигатор-дозатор». В соответствии с данными картограммы распределения подвижных форм фосфора по состоянию на 2019 г. внедрена методика припосевного дифференцированного внесения минеральных удобрений.

По структурным показателям среди бинарных посевов стоит отметить высокую продуктивность варианта «пшеница + горох» – масса 1000 зерен пшеницы на данном варианте составила 39,8 г. Урожайность основной культуры – пшеницы, выращенной при способе высева бинарных посевов, в составе с горохом составила 15,4 ц/га, что выше урожайности гороха на 13,0 ц/га. Вариант в бинарном посеве «пшеница + горох + лён» выделился по содержанию белка в зерне пшеницы (17,8%) и клейковине (38,4%).

Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования МСХ РК на 2018-2020 годы по научно-технической программе «Трансферт и адаптация технологий по точному земледелию при производстве продукции растениеводства по принципу «демонстрационных хозяйств (полигонов)» в Костанайской области».

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

